	<p>мен Сырым балаларды «зоологиялық дүкенге» баруға шақырады. Балық сатып алуға келгенімізді елестетіндер. Топтардың әрқайсысы өз аквариумын жасайды. Сендер жұмыс істеуге дайынсыңдар ма? Балалар жағдаятқа қызығушылық танытады. <b>Сергіту сәті.</b> 6 рет секір, 7 рет қол соқ, әрбір аяқпен 8 рет еденді топылдат, көршіңмен 7 рет қолдарыңды соғыңдар. <b>Санамақ</b> арқылы балалар екі топқа бөлінеді. Педагог әрбір топқа екі түсті балықтарды (немесе дөңгелектер, сопақшалар немесе басқа да кесетін материалдар) таратады. Тапсырманы орындауды ұсынады. Алдымен қызыл түсті балық сатып аламыз. Олардың 4-уін аламыз (карточканы көрсетеді). — Ал енді көк түсті (2 саны жазылған карточканы көрсетеді). — Аквариумда неше балық бар? Сандар жазылған карточкаларды шығарады: <math>4 + 2 = 6</math> Суретті қарайды, есеп құрастырады, шығарады. Педагог есеп құрастырудың үлгісін көрсетеді: аквариумда қызғылтсары түсті 3 балық және күлгін түсті 2 балық жүзіп жүрді. Аквариумда қанша балық жүзіп жүр? - Балалар үлгіге сүйене</p>	<p>Жаралы аяғы Жауынды күндері Ауырып қалады. Көрпесін жамылып, Жатады сарылып. Кенет күн ашылса, Кетеді сауығып. <b>Дид.ойын:</b> «Артығын тап». <b>Шарты:</b> Сурет бойынша жаңа тақырыппен танысу. <b>Сергіту сәті</b> «Достасқан буындар». Қатар отырған оқушылар ауызша орындайды. Орындау тәртібі бойынша бірінші оқушы «қа» буынын айтса, екінші келесі буынын тауып, сөз құрауы керек</p>	<p>«<b>Дауысты, дауыссыз дыбыстар»</b> дидактикалық ойыны Мысалы: <i>б, л, р, ө, т, и, м, с, о, г, н, е, ц, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ы, у, қ, а, н.</i> Педагог дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады. - Дауысты дыбыстарға қызыл текше; - дауыссыз дыбыстарға көк текше көтеру арқылы ажыратады. <b>Графикалық жұмыс.</b> <b>Үзік сызықтарды бастыр.</b></p>	<p>буын қосып, сөз құрап, айта білуге, шапшаңдыққа, зейінділікке баулу. Көрнекілік: ұсақ жалаушалар, ойыншықтар. <b>Ойын шарты:</b> балалармен жеке-жеке немесе 2 топқа бөліп, өткізуге болады. Жылдам ойлап, келесі буынды табу. Педагог сөздің басқы буынын айтады, балалар сөзді тез аяқтайды. <i>Ау- (ла). Ал- (ма). Са- (ра). Сә- (біз). Қа- (уын).</i> <i>Мысалы: үй-рек, бұр-кіт, қар-ға, тыр-на, тор-ғай, та- бақ, ә-теи, же-лім, қа-ғаз, қай-шы, қа-лам, кі-тап.</i> Ойын соңында, жеңімпаз бала, анықталып, мадақталады. <b>Дәптермен жұмыс.</b></p>	<p>Н.Ақышевтың «Табиғаттың бөлшегі» әңгімесін әңгімелеп береді, әңгіме желісі бойынша сұрақтар қояды. Тәрбиеші балаларға «саулық қайда болса, сұлулық сонда» деген халық мақалын бiнгi бабақтың дәйексөзi ретiнде түсiндiредi. - Табиғатты аялап, қорғасаң, оның сыйларын неми пайдалансаң, күн тәртібін, тазалықты дұрыс сақтасаң, салауатты өмір сүрсең деңіз сау болады екен. -Қане, балалар, бір сәт тыныштық сақтап, өзімізді табиғат аясында тұрмыз деп елестетейік. Мейірімді күн шуағы, көгілдір көлге шағылысып жалт – жұлт етеді. Енді сендер суға шомылып, ыстықтағандарыңды бастыңдар. Қандай рақат, көңіліміз жайланып, көтеріліп қалды. Енді осы елестеткен, ойлаған ойларыңмен бөлісейік. Күн, ауа және су Күн мен ауа және су (қолдарымызды жоғары көтереміз) Бәрімізге керек пе? (алға қарай иілеміз) Иә, иә, иә! (қол соғамыз) Күн жылыну үшін бе? (Бір орында жүреміз) Иә, иә, иә! (қол соғамыз) Күн жарық үшін керек пе? (бір орында жүреміз) Иә, иә, иә! (қол соғамыз) Ауа тыныс алу үшін бе? (отырамыз) Иә, иә, иә! (қол соғамыз) Ауа таза болу керек пе? (отырамыз) Иә, иә, иә! (қол соғамыз)</p>

<p>отырып, қалған суреттердегі тапсырмаларды құрастырады, шешеді, жауабын атайды. -Екінші аквариумда неше балық бар? Олар бірдей ме? -Үшінші аквариумда неше балық бар? Балалар сұрақтарға жауап береді. Аквариумдағы балықтарды санап, есеп құрастырады. <b>Дәптермен жұмыс.</b></p>				<p>Су ішуге керек пе? Иә, иә, иә!(қол соғамыз) Су шынығу үшін керек пе? Иә, иә, иә!(қол соғамыз) Дененде күш артты ма? (қолдарымызды жан – жаққа сермейміз) Иә, иә, иә!(қол соғамыз)  Боямақпен жұмыс.</p>
---	--	--	--	--

## 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Көркем әдебиет Міндеті:</b> Әдеби шығарманы мәнерлеу құралдарына байланысты қабылдауға дағдыландыру. <b>Жақсы мен жаман</b> (Рахым Тышқанбаевтың өлеңі) <b>ҮІӘ барысы:</b> <b>Ұйымдастыру.</b> <b>Ойын: “Мен қандаймын?” Шарты:</b> Сен қандай баласың деген сұраққа жауап бер. <b>“Жақсы мен жаман” өлеңімен таныстыру.</b> <b>Ойын: «Тез жауап бер».</b> - Өлең қалай аталады? <b>“Суреттер сөйлейді” Шарты:</b>Сурет бойынша жұмыс. Балаларға жақсы мен жаман баланың суретін көрсетін өз ойларын сұрау. Жақсы бала қандай болады? Жаман бала қандай болады?</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту Міндеті:</b> Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым- қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану <b>Мақсаты</b> Әңгімемен таныстырып, мазмұнын айтуға үйрету –Ағашқа байланысты мақал-мәтелдердің мағынасын түсініп алайық. Мақал-мәтелдер: Ағаш – тамырымен, адам – достарымен мықты. Адамға үш нәрсе көмек: шөл далада қазылған құдық, салынған көпір және жол бойына егілген ағаш. Қарағайға қарап – тал өсер, Қатарына қарап – бала өсер –Балалар, сендер ертегі тыңдағанды ұнатасыңдар ма? Тақтаға ертегі мазмұнына байланысты сурет ілінеді. Алдымен балаларды екі топқа бөліп, бір топқа «шыршаның», екінші топқа «қайыңның» сөзін педагогтің соңынан қайталап отыруды ұсынысады. Педагог</p>	<p><b>Математика негіздері Міндеті:</b> қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада) бағдарлауға, дәптер бетінде белгілі бір суретті табуға үйрету. <b>ҮІӘ барысы.</b> <b>Ұйымдастыру.</b> <b>Негізгі бөлім.</b> Ойын жағдаяты. Терме полотнода мазмұндық суреттер. Жиектерінде – екі ертегі кейіпкері. Педагог кейіпкерлердің сұхбатын естігені туралы айтады. Кейіпкердің бірі суреттер оң жақта десе, екіншісі сол жақта деп дауласты. Олардың дауын шеше аламыз ба? Балалар ойын жағдаятына араласып, суреттерді қарап, педагогті тыңдайды. Көмектесуге ниет білдіреді. <b>2. Негізгі кезең.</b> Педагогқандай да бір заттың суретін тауып, мынадай сұрақтарға жауап беруді ұсынады: – оның оң жағында не</p>	<p><b>Математика негіздері Міндеті:</b> Топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылау; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауға үйрету; 10-ға дейін санауды; заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту. <b>ҮІӘ барысы.</b> <b>Ұйымдастыру.</b> <b>Негізгі бөлім.</b> <b>Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр?».</b><b>Шарты</b> :жұмбақтың шешуін табу. Аяғы бар, жұрмейді, Аузы бар, күлмейді. Айнымайды бөпемнен, Тек сөйлеуді білмейді. (Қуыршақ) Үрлесен, жеп-жеңіл, Елпілдеп кетеді. Ұшырсаң, көк теңбіл, Бұлтқа да жетеді. (Шар) Құс сияқты, құс емес, Самғап ұшқан биікке. Қанаты бар қақпайды, Жүрсе де сондай биікте. (Ұшақ) Төрт аяқты, екі көзді, Өзі</p>	<p><b>Көркем әдебиет Міндеті:</b> Б.Соқпақбаевтің «Шынықсын денеміз» өлеңінің мазмұнын мен идеясын ашу.Балаларға өлеңді жаттата отырып, қыс мезгілінде ауырмас үшін шынығу керектігін түсіндіру. <b>ҮІӘ барысы.</b> <b>Ұйымдастыру.</b> <b>Негізгі бөлім.</b> «Қыста ғана болады, ұстасаң, қолың тонады». (Қар) <b>3. Қимылды ойын:</b> «Кім жылдам?» Ойын шарты: Балалар екі топқа бөлінеді. Ортада белгі көрсетілген. Балалар көрсетілген белгіге сырғанап жетіп, өз орындарына сырғанап келуі керек. Ойын осылай жалғаса береді. <b>Сергіту сәті.</b> Б. Соқпақбаевтың «Шынықсын денеміз» өлеңін жаттау: Жүріңдер, балалар, Сырғанақ тебеміз. Құрыспай, құрыштай, Шынықсын денеміз. – Қыста ауырмас үшін не істегі керек? – Сырғанақ теуіп ойнасақ,</p>
--	---	---	---	--	--

		<p>М.Төрежановтың «Біз де ойнаймыз» әңгімесін оқып береді.</p>	<p>орналасқан? – оның астында ненің суреті бейнеленген? – берілген заттың үстінде оң жақта не орналасқан және т.с.с. Тапсырманы өзгертуге болады, педагог: – оң жақтағы жоғарғы бұрышта; – парақтың төменгі жиегінің бойында; – парақтың ортасында және т.с.с. орналасқан мына заттарды атауды немесе көрсетуді сұрайды. Карточкалармен жұмыс ұсынады: Әрбір топта суреттері бар карточкаларды қараңдар. Одан кейін, мысалы, оң жақтағы жоғарғы бұрышта орналасқан суретті көрсетуді (фишкамен жабуды) ұсынады. Жаттығу бірнеше рет қайталанады. <b>Дәптермен жұмыс.</b></p>	<p>жансыз жүреді. От пен майдан жемі бар, Құрыш болат жүрегі. (Автокөлік) Жүйіткіген дәу үйінде, Жүйірік деп ел сүйінді. Тас жолда жұртты тасып жүр, Жылдамдыққа басып жүр. (Автобус) Кеудесі толған күш, Табаны толған тіс. (Трактор) Кепкен жарғақ, Шеңберге керілген, Соқсаң сарнап, Үн шығады төгілген. (Барабан) <b>Сергіту сәті.</b> Педагог тақтаға ойыншықтың суреті бар плакат іледі. Ойыншықтарға қарайды, сол және оң жақтағы суреттерді салыстырады. Қайсысы көп, қайсысы аз? Қалай бірдей жасауға болады? Балалар салыстыру және теңестіру әдісін ұсынады. Педагог тақтаның алдына шыққан балаларға бір сөренің екі жағында орналасқан заттардың арасында өзара бірімәнді сәйкестікті анықтауға көмектеседі. – Олар тең болуы үшін не істеу керек? – Дұрыс. Бір жағынан артығын алып тастау керек немесе жетіспейтін ойыншықтарды қою қажет. Артығының бар-жоғын білу үшін ойыншықтарды бір-бірінің астына қоямыз немесе жұптарды сызықпен жалғаймыз <b>Дәптермен жұмыс.</b></p>	<p>қандай бала боламыз? – «Құрыспай, құрыштай» деген сөзді қалай түсінесіңдер? Суретті аяқтап, сал. Боя. <b>Дидактикалық ойын:</b> «Кім тез шананы бояйды?»</p>
--	--	--	--	---	---

**3 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті:</b> Сөздерді буынға бөле алу дағдыларын</p>	<p><b>Шығармашылық бейнелеу әрекеті</b> <b>Міндеті:</b> Балаларды</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Міндеті:</b> Әңгімені оқып, сұраққа жауап беруге үйрету.</p>	<p><b>Қоршаған орта</b> <b>Міндеті:</b> Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p>	<p><b>Қазақ тілі</b> <b>Міндеті:</b> Туыстық қарым-қатынасты («немере», «шөбере»)</p>
--	---	---	---	--	---



	<p>бекіту.Тақырыпқа сай дидактикалық ойындар арқылы дыбыс және дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау.</p> <p><b>ҮІӨ барысы.</b> <b>Ұйымдастыру. Негізгі бөлім.</b> <b>Дид.ойын: «Сұрақтарға жауап бер» Артикуляциялық жаттығу жасау.</b></p> <p>«<i>Сағат</i>» – тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20рет қайталау.</p> <p>«<i>Саңырауқұлақ</i>» – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру.</p> <p>«<i>Алтыбақан</i>» – тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, біресе мұрынға, біресе иекке созу.</p> <p>Осылай 10–15 рет қайталау. – Балалар, бүгін бізге Айсұлу қуыршақ қонаққа келіпті. «Өз атыңды буынға бөл» ойын-жаттығуын ойнатады.</p>	<p>казактың қонақжайлылығымен таныстыру</p> <p>Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану</p> <p>Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру</p> <p>Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру</p> <p><b>Мақсаты:</b>- мерекелік дастархан суретін салу, Мүсіндеу</p> <p>Жапсыру, Құрастыруды үйрету</p>	<p>Құрастыру қабілеттерін, шығармашылығын, дыбыстарды дұрыс айта білуін дамыту</p> <p><b>Ұйымдастыру.</b></p> <p><b>Негізгі бөлім.</b></p> <p><b>«Торғайлар мен мысық» ойыны.</b></p> <p>Педагог – «мысық», ал қалғанда ры «торғайлар» болады. Бөлмеде жағымды баяу әуен ойналады.</p> <p>«Торғайлар» алаңқайда секіріп, ұшып-қонып жүреді. Мысықтың дауысын естісімен «торғайлар» өз ұяларына ұша жөнеледі.</p> <p>Ұсталған «торғай» «мысық» болып ауысады. Ойын осылай жалғаса береді.</p> <p>Педагог балаларды шеңбер жасап отырғызады да, қандай ойын ойнағандарын сұрайды. – Балалар, біз бүгін торғайлар туралы ойынды бекер ойнаған жоқпыз.</p> <p>Өйткені сендерге қазір жазушысы М.Зверевтің «Су торғайы» атты әңгімесін мәнерлеп оқып беремін. Әңгімені мәнерлеп оқиды.</p> <p><b>Сергіту сәгі.</b></p> <p><b>Дәптермен жұмыс.</b></p> <p>ендерден өзінің атын буынға бөліп беруін сұрап отыр.</p> <p>— Енді Айсұлу сөзі неше буыннан тұрады екен, ойлап көрелік: Ай-сұ-лу.</p> <p>— Бірінші буынын кім айтады?</p> <p>— Бірінші буыны – Ай.</p> <p>— Екінші буыны – -сұ.</p> <p>— Үшінші буыны – -лу.</p> <p>— Дұрыс, үш буыннан тұрады.</p> <p>— Себебі үш дауысты дыбыс бар.</p> <p>Балалар өз аттарын буынға бөліп айтып береді.</p> <p>— Дауысты дыбыс жеке өзі ғана бір буын құрай алады.</p>	<p><b>ҮІӨ барысы:</b> <b>Ұйымдастыру.</b> <b>Психдайындық.</b> Жұмбақ .</p> <p>Сөйлеуді ол білмейді Бірақ тоқта, жүр дейді.</p> <p>-Бұл не екен балалар?</p> <p>Әрине ендеше бізге бағдаршамның көздері жайлы <b>Шағын көрініс көрсетің:</b></p> <p><b>«Бағдаршам»</b></p> <p>Қызыл көзін ашқанда Бір қадам да баспа алға Сары көзін ашқанда Қарап қалма аспанға Жасыл көзін ашқанда Өте берген жасқанба Ашса кезек үш көзін Айтшы деп ұқ үш сөзін</p> <p>Жүрме жолға таласып</p> <p>-Балалар, қалай ойлайсыңдар, бағдаршам не үшін керек?</p> <p>-Бағдаршамның неше көзі бар?</p> <p>Қандай?</p> <p>-Бағдаршамның көздерінің қызметін айтып беріңдерші. Қандай көзі жанғанда тоқтаймыз?</p> <p>-Жарайсыңдар, балалар, бағдаршам туралы біледі екенсіңдер, енді жол белгілері туралы әңгімелесеміз.</p> <p>-Сендер таңертең балабақшаға келгенде немесе ата- аналарыңмен қыдырып жүргенде қандай жолмен жүресіңдер?</p> <p>-Неліктен жол жиегіндегі жолмен жүреміз?</p> <p>-Қазір біз қаланы аралауға барамыз. Сендер дайынсыңдар ма? Қаланы біз жаяу аралаймыз. Бәрің менің қасыма келіңдер, абайлап ақырын жүріңдер.Егер де біз жаяу барсақ біз қандай жолаушы боламыз?</p> <p>(Ойын алаңына келеді, онда машина түрлері, жаяу жүргінші жолы мен машиналарға арналған жол, бағдаршам, жол белгілері, дүкен, кітапхана, мектеп, емхана, асхана орналасқан үлкен көшенің көрінісі жасалған).</p>	<p>білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің бауырлары, туыстары туралы айтуға баулу. Шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.</p> <p><b>ҮІӨ барысы. Негізгі бөлім. Дид.ойын:</b></p> <p><b>«Отбасы мүшелерін ата»</b></p> <p><b>Шарты:</b>Сурет бойынша жұмыс Немере деген кім?</p> <p>Ата-ананың ұлынан туған баласы; атадан санағандағы үшінші, ұрпақ.</p> <p>Шөбере деген кім? Шөбере – немереден туған бала</p> <p><b>Дид.ойын:</b> «Кім тез жаттап алады?»</p> <p>Атамның баяғы Жаралы аяғы Жауынды күндері Ауырып қалады. Көрпесін жамылып, Жатады сарылып. Кенет күн ашылса, Кетеді сауығып.</p> <p><b>Сергіту сәгі</b></p> <p><b>Дид.ойын:</b> «Артығын тап»</p> <p><b>Шарты:</b>Сурет бойынша жұмыс.</p>
<b>4 - ұйымдастырылған іс-әрекет</b>					
	<b>Музыка</b>	<b>Музыка</b>	<b>Дене шынықтыру</b>	<b>Дене шынықтыру</b>	<b>Дене шынықтыру</b>
<b>Серуенге дайындық</b>	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				

<p><b>Серуен</b></p>	<p><b>Аспанды бақылау</b>          Мақсаты:табиғаттың әдемілігін сезініп, «аспан» сөзімен таныстыру, табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, тілдерін дамыту. Тәрбиеші балалардың назарын аспанға аударады. Аспанның түсі ашық, көгілдір екендігін, онда ақ бұлттар, қалқиды. Олардың пішіндері әр түрлі болады, бұлттарды жел қозғайды.          Жұмбақ: Бір түкті кілем Бір түксіз кілем (жер, аспан)          Мақал – мәтелдер: Қарға қарқылдаса, қысты шақырады, Қаз қаңқылдаса, жазды шақырады.          Тақпақ «Аспанда»          Аспан бұлтқа толып кетті. Бұлттар түлік болып кетті. Бір бұлт шықты бие болып Бір бұлт шықты түйе болып          Қозғалмалы ойын. «Ұшты-ұшты»</p>	<p><b>Желді бақылау</b>          Мақсаты:балаларды табиғат құбылыстары, желдің соғуын, желдің бағытын, жылдамдығын бақылауға ажырата білуге үйрету. Тәрбиеші балалармен қай жақтан жел соғып тұрғанын бақылайды. Күндіз аспанда қалықтап бара жатқан бұлттарды бақылау, ағаш бұтақтарының қозғалысын бақылау.          Жұмбақ: Қанаты жоқ- ұшады Аяғы жоқ-қашады. (Жел)          Тақпақ:          Жел тынымсыз гүілдеп          Болып кетті тым бұзық          Шуылдайды тал, терек,          Жапырағын жүлғызып.          Қозғалмалы ойын: «Жел мен бұлттар»          Еңбек:          өсімдіктерді,көшеттерді қармен жабу.</p>	<p><b>Күнді бақылау</b>          Мақсаты: балаларға адамдар, жануарлар мен өсімдіктер әлемі үшін күннің маңызы зор екендігін ұғындыру. Байқампаздық, бақылай білу қабілеттерін дамыту. Қыста күн қысқарады, жылуы аз болады, сондықтан қыста күн суық болатындығы туралы түсінік беру. Жұмбақ: Жұрттың бәрі соны сүйеді, Бірақ оған қарағысы келмейді. (Күн) Болжамдар: Түнде ай жарқырап тұрса немесе аспанда жұлдыздар көп болса, ертең күн ашық,жылы болады.          Тақпақ:          Шұғылалы күніміз          Бақшамызға барамыз Күнге қарап жайқалып Біз өсіп бармыз.          Қимыл-қозғалыс ойыны: «Түрлі- түсті автомобильдер»          Еңбек: бұтақтардың түбін тазарту.</p>	<p><b>Су бетіне қатқан мұзды бақылау</b> Мақсаты: Судың әр түрлі қасиетімен таныстыру, табиғатта болатын өзгешеліктерді бақылай білуге үйрету, табиғатты аялауға тәрбиелеу, сөздік қорларын дамыту.          Тәрбиеші балалардың назарын жердегі кішкентай көлшіктерге аударады, бетіне жұқа мөлдір мұз қатып қалған. Кейбір көлшіктерден күзден қалған жапырақтарды байқауға болады. Мұзды аяқ киімдерімен жарып көріңдер. (ол жұқа, тез сынады) Егер мұзды лақтырса, олар ұсақ бөліктерге бөлінеді. (мұз қатты). Егер мұзды қолға ұстасақ, ол еріп кетеді.          Жұмбақ: Отқа жанбас-суға батпас (мұз)          Болжам: егер қыста қар аз және күн суық болса, жаз құрғақ және ыстық болады.          Қозғалмалы ойын: «Түлкі мен қаздар»</p>	<p><b>Қарды бақылау</b>          Мақсаты: Қоршаған ортаның әсемдігін сезіне білуге үйрету; қардың қасиетімен таныстыру. Терезеден жауып тұрған қарды бақылау. Қар ұлпаларына қараңдаршы, олар әр түрлі пішінде біреуі үлкен кесек болса, тағы бірі орташа,кішкентай яғни қаршықтар әртүрлі пішінді екен. Қар бізге терезеден жылтырап көрінеді. Олардың әдемі пішінін тамашаландар.          Жұмбақ: Жылт-жылт етеді, Ұстасақ еріп кетеді. (қар)          Болжам: көп қар- көп нан.          Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қоян мен аңшы».          Еңбек: тәжірибе жасаған үстел үстің жинастыру.</p>
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Сыныпқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.</p>				
<p><b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап- тарды қарау және басқалар)</b></p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.  <b>(қарым-қатынас іс- әрекеті)</b></p>	<p>Музыкалық аспаптармен ойындар. Құстар туралы әндер жаттау. <b>(музыка)</b></p>	<p>Өнер бұрышында қыстайтын құстар тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. <b>(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)</b></p>	<p>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)</b></p>	<p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. <b>(зерттеу іс- әрекет, қарым-қатынас іс- әрекеті)</b></p>
<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p>Айаруға ұзын - қысқа, жуан - жінішке, үлкен - кіші ұғымдарын үйрету. Ойын:«Көзінді жұмып, қолыңмен анықта»</p>	<p>Абубакірге қыс мезгілінің белгілерін ажыратуға үйрету. Д/ойын:"Қыс белгілерін ажыратамыз"</p>	<p>Расул мен Жансаяға қарындашпен дөңгелек пішіндерді салуды үйрету. «Аққала»</p>	<p>Аймираға Қолғаптар мен шұлықтардың сыңарын табуға үйрету. Ойын: «Сыңарын тап»</p>	<p>Асаналиге қыс мезгілінің белгілерін ажыратуға үйрету. Д/ойын:"Қыс белгілерін ажыратамыз"</p>
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p>	<p>Ата-аналармен өткен күн туралы, балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу</p>	<p>Ата-аналармен балаларды оқыту мәселелері бойынша әңгімелесу, қазақ тіліндегі сөздерді үйренуге ұсыныстар беру</p>	<p>Балаларға тәуелсіздік тәрбиесі туралы ата-аналармен әңгіме</p>	<p>Ата-аналарға кеңес: «Үйде математиканы үйрену».</p>	<p>Ата-аналармен әңгімелесу «Бір аптада біз жаңа не білдік»</p>

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы №40 ЖББОМ

Мектепалды О «Б» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 15- 19 қаңтар 2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту ( <b>коммуникативтік, ойын әрекеті</b> ).				
Ата-аналармен әңгіме лесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды сабаққа кешікпей әкелулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балалардың тазалығы жөнінде ескерту	Ата –аналармен әңгіме: Дұрыс тамақтануға баулу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Үстел үсті ойыны – пазл: «Жыл мезгілдері » Балалармен қыс мезгілі туралы әңгімелесу.	<b>Құрылыс ойындары:</b> «Қардан үйшік жасаймыз»	<b>Фотосуреттер қарастыру:</b> «Қысқы ойындар түрлері» Фотосуретте бейнеленген ойын түрлерін атау.	<b>Үстел үсті театры:</b> «Ғажайып қыс» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру.	<b>Сюжеттік ойындар:</b> «Қыстың қызықты сәттері» еркін сурет салу. <b>Д/ойын:</b> «Қар»
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 11-15				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҮІӨ)	Тілді жаттықтыратын тақпақКім келді? Қане, қане кім келді?Біз, біз, біз! Апа, апа бұл сіз бе?Иә, иә, иә! Әке, әке бұл сіз бе?Иә, иә, иә! Ағатайым бұл сіз бе?Иә, иә, иә! Қарындасым бұл сен бе?Иә, иә, иә! Біздер тату жан ұяИә, иә, иә!	Табиғат бұрышындағы еңбек(бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) (Қоршаған ортамен танысу)	"Торғай-торғай тоқылдақ" артикуляциялық жаттығу. Максат-міндеттер: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. Торғай-торғай, тоқылдақ, Жерден тары тары шоқып ап,Бөтегесі томпайып Тойған қозыдай монтайып, "Шіп-шіп" десіп отырар. "Халық ауыз әдебиеті. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны. Барысы: педагог үстелдің үстіне бірнеше зат қойылады. Бала оларға мұқият қарап алғансоң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Бала қай заттыңжоғалып кеткенін табу керек.Заттардың санын ақырындап өсіруге болады. (танымдық дағдылар)	Театрландырылған қойылым"Ақсу-қаздар". Максат-міндеттер: балалардың өз бетінше театрландырылған ойындардыұйымдастыруын үйрету, рөлдер мен міндеттерді өзара бөлісу біліктіліктерін жетілдіру, шығармашылық дербестікті дамыту. (қоршаған ортамен танысу)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ	<b>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</b>				
	<b>Математика негіздері Міндеті:</b> Қағаз бетінде бағдарлай алуды үйрету. Орналасуы бойынша көрсетілген заттар мен фигураларды таба алуды үйрету. <b>ҮІӨ барысы. Ұйымдастыру. 2.Негізгі кезең.</b>	<b>Қазақ тілі Міндеті:</b> Туыстық қарым-қатынасты («ағайын», «туысқан») білдіретін сөздерді үйрету. <b>ҮІӨ барысы. Негізгі бөлім. Дид.ойын:</b> «Бұл кім?» <b>Шарты:</b> Сурет бойыншажұмыс	<b>Сауат ашу негіздері Міндеті:</b> Буынды сызба түрінде көрсетіп үйренеміз. <b>ҮІӨ барысы. Ұйымдастыру. Негізгі бөлім.</b> «Дауысты, дауыссыз дыбыстар» <b>дидактикалық ойыны</b>	<b>Сауат ашу негіздері Міндеті:</b> Буынды сызба түрінде көрсетіп үйренеміз.. <b>ҮІӨ барысы. Ұйымдастыру. Негізгі бөлім. Дидактикалық ойын:</b> «Орамал тастамақ» <b>Шарты:</b> Орамал тастау арқылы	<b>Қоршаған орта Міндеті:</b> Тірі, өлі табиғат туралы, денелер туралы білім беруді жалғастыру. <b>ҮОҚ барысы: Ұйымдастыру. Психдайындық. Дид.ойын:</b> «Бұл не?» <b>Шарты:</b> сурет бойынша

	<p>– Бұл не? (Қағаздың парағы.)  – Оның пішіні қандай?  (Тіктөртбұрышты.)  – Бұл қандай жағы?  Балалар жауап беруге қиналған жағдайда, педагогжалғастырады:  – Бұл жағы қайда орналасқан?  Сұрақтарды ретімен қоя отырып, балалар жоғарыда тұрғанжағы – жоғарғы, төменде орналасқан жағы – төменгі, оңжақта орналасқан жағы – оң, сол жақта орналасқан жағы–сол жақ, жоғарыда сол жақта орналасқан бұрыш – сол жақжоғарғы бұрыш, жоғарыда оң жақта орналасқан бұрыш –оң жақ жоғарғы бұрыш және т.б деп аталады дегенқорытындыға келеді.  <b>Дидактикалық ойын:</b>  «Қағаз парағында дұрыс бағдарла».  Қағаз парағында бағдарлану білігін пысықтау үшін балаларға практикалық тапсырмалар беріледі:  «қызыл дөңгелекті жоғарғы оң жаққа, көкті төменгі сол жақ бұрышқа орналастырындар».  Балалардың тапсырманы орындағаннан кейін қандай да бір заттың орналасқан жері туралы айтуы маңызды.  <b>Сергіту сәті.</b>  «Ұшақ»  Балалар аяқтарын алшақ қойып, қолдарын екі жаққа созып, оңға-солға бұрылады.  <b>Дидактикалық ойын:</b></p>	<p>Немере деген кім?  Шөбере деген кім?  <b>Дид.ойын:</b> «Кім тез жаттап алады?»  Атыңнан айналайын, Аңсамас қайда ағайын?  Сағынып бара қалсаң, Айран да, май да дайын.  <b>Сергіту сәті</b>  <b>Дид.ойын:</b> «Не өзгерді?»  <b>Шарты:</b>Сурет бойынша жұмыс.</p>	<p>Мысалы: <i>б, л, р, ө, т, и, м, с, о, г, н, е, щ, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н.</i>  Педагог дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады.  – Дауысты дыбыстарға қызыл текше;  – дауыссыз дыбыстарға көк текше көтеру арқылы ажыратады. Дидактикалық ойын: «Орамал тастамақ».Шарты:Сұраққа жауап беру.  Дидактикалық ойын: «Асық». Шарты: Қоржынның ішінен асық алады. Асықта жабыстырылып қойған суретті буынға бөліп, сызбасын тақтаға сызады.  Сергіту сәті.  Графикалық жұмыс.  Үзік сызықтарды бастыр.  Рефлексия.</p>	<p>кезектесіп қойылған сұрақтарға жауап береді.  <b>Дидактикалық ойын:</b>  «Буын».  <b>Шарты:</b>Сөздердің буын санын анықтау. Оларды буын санына қарай топтастырып айту.  <b>Дидактикалық ойын:</b>  <b>«Буынды сызбаны сыз».</b>  <b>Шарты:</b> Берілген суретті атап, буынға бөліп, сызбасын сызады.  <b>Графикалық жұмыс.</b>  <b>Рефлексия.</b></p>	<p>жұмыс.  <b>Табиғатты суреттеу.</b>  Бұлардың бәрі бізді қоршаған табиғатқа жатады. Осы ағаштар табиғаттың қай түріне жатады? Тірі табиғат. Оны неліктен тірі табиғат деп атаймыз?  Одан әрі саяхатымызды жалғастырамыз. Не естідіңдер? Тағы не көрдіндер? Орман жануарлары. Олар да тірі табиғатқа жатады. Тірі табиғатқа жатады - адам. Осы тірі табиғаттың қажеттіліктерін атайық: ауа, тамақ, су, жарық, жылу.  Одан әрі саяхатымызды жалғастырайық. Таудан сарқырап аққан өзенді көрдік. Енді табиғатта өлі денелер бар. Оларды тамашалайық.  Күн, су, тау, тас, ауа, Бұлардың бәрі табиғи денелер. Бұдан басқа жасанды денелер болады, олар адам қолымен жасалады. Жасанды денелерге не жатады? Машина, үй, парта, кітап, т. б. Кез - келген денелер заттан тұрады.  Мысалы: доп - дене, резеңке - зат, парта - дене, ағаш - зат, т. б. Қане, мына суреттен жасанды денелерді табыық. Ал осы табиғатта болып жатқанның барлығы табиғат құбылыстары. Табиғат құбылыстары: жаңбырдың жаууы, қардың жаууы, найзағай, кемпірқосақтың шығуы, жапырақтың түсуі, т. б.  <b>Дид.ойын:</b> «Не өзгерді?»</p>
--	--	---	---	---	---

	<p><b>«Қолшатырларды дұрыс боя»</b>  <b>Шарты:</b> қолшатырларды нұсқама бағыты бойынша қарындаштардың сәйкес түстеріне боя</p>				
--	---	--	--	--	--

**2 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

	<p><b>Көркем әдебиет Міндеті:</b>  көркем шығарманы тыңдауға деген қызығушылықта рын арттыру және оның мазмұнын түсіне отырып, әңгімені аяқтауға дағдыландыру  Жаңа жыл да келеді,  Бізге қарай жылыстап.  Өлең де әзір, ән де әзір,  Ойын да әзір, бәрі әзір.  Кел, Жаңа жыл, біздерге,  Кел, Жаңа жыл, Жаңа жыл!  <b>Ойын: «Тез жауап бер».</b>  - Өлең қалай аталады?  - Жаңа жылда балалар не істейді?  - Жаңа жылда бізге кім келеді? - Суретте балалар не істеп жатыр деп ойлайсың?  - Әр балаға ат қойып, олардың немен айналысқанын әңгімеле.  - Балалардың көңіл күйі қандай?  - Жаңа жылды қарсы алу үшін шыршаға қандай ойыншықтар дайындайды?  - Жаңа жыл мерекесі қалай тойланатынын әңгімеле..</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту Міндеті:</b>  Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану.  Өңгімемен таныстырып, мазмұнын айтуға үйрету  <b>ҮІӨ барысы.</b>  <b>Ұйымдастыру.</b>  <b>Негізгі бөлім.</b>  <b>Артикуляциялық жаттығу жасау.</b>  <b>Дидактикалық ойын:</b>  <b>«Ұшты, ұшты».</b>  <b>Дидактикалық ойын:</b> «Тез жауап бер»  <b>Шарты:</b> Педагог бір балаға допты лақтырады да, сұрақ қояды. Допты алған бала сұраққа жауап беріп, допты қайта лақтырады.  <b>Дидактикалық жұмыс:</b>  <b>«Құстар тіршілігі»</b>  <b>Шарты:</b> Сурет бойынша жұмыс.  <b>Тақпақ жаттау.</b>  Тоқылдақтар тоқылдап  Ешбір тыным көрмейді  Ағашты қанша тессе де,  Жұмысы бір өнбейді.</p>	<p><b>Математика негіздері Міндеті:</b>  Кеңістіктегі заттардың қай жерде, қалай, өзіне немесе қай затқа жақын екенін бағдарлай білуге үйрету.  <b>ҮІӨ барысы.</b>  <b>Ұйымдастыру.</b>  <b>Негізгі бөлім.</b>  <b>2. Негізгі кезең.</b>  <b>Дидактикалық ойын:</b> «Дұрыс орналастыр».  Педагог заттарды көрсеткен орындарға орналастыруды тапсырады (жоғарғы оң жаққа, төменгі сол жаққа және т.б.), бірақ барлық балалартапсырманы бірдей орындай алмайды.  Парақ бойынша саяхат – «Сиқырлы парақ». Бір парақ пенбес қарындаш өмір сүріпті. Бір күні олар бірге ойнамақшыболыпты және қарындаштар парақ бойынша саяхатқашығыпты. Бірінші болып сары қарындаш жөнеліпті, ол жоғарғы жағына барып, сары сызық сызыпты. Екінші болып қызыл қарындаш кетіпті, ол төменгі жағын тауып, қызыл сызық сызыпты. Оң жағын жасыл қарындаш, ал сол жағын көк қарындаш сызыпты. Парақтың ортасында қарақарындаш</p>	<p><b>Математика негіздері Міндеті:</b>  Сол жақ, оң жақ, үстінде, астында, алдында (алды), артында, (арты), жақын, арасында, қасында деген сөздерді пайдалана отырып, кеңістікте фигуралар мен заттардың орналасуын сипаттай алуға үйрету.  <b>ҮІӨ барысы.</b>  <b>Ұйымдастыру.</b>  <b>Негізгі бөлім.</b>  <b>Дидактикалық ойын:</b>  Педагог бағыттар мен көрсеткіштердің түстерін атауды сұрайды. Балалардан бұл білімнің өмірде қалай пайдаға асуы мүмкін екенін сұрайды.  <b>«Кім зейінді?» ойыны</b>  Педагог зейінге арналған ойынды ұсынады. Тапсырманы түсіндіреді:  - Қазір мен құрсауды жерге қоямын. Оған Меруерт тұрады, оның оң жағына Нұрлан, сол жағына ..., алдына ... тұрады.  - Ал қазір балалардың әрқайсысы оң жақта (сол жақта, артта және т.с.с.) кім тұрғанын айтады.  <b>Дидактикалық</b></p>	<p><b>Көркем әдебиет Міндеті:</b>  Ертегімен таныстыра отырып, мазмұнын мәнін түсіне білуге үйрету. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту  <b>Оқу қызметінің барысы.</b>  <b>Ұйымдастыру.</b>  <b>Негізгі бөлім.</b>  <b>Дидактикалық ойын:</b> «Хан талапай».  «Алтын сақа» ертегісімен таныстыру.  <b>Дидактикалық ойын:</b>  «Жауап бер»  « Алтын сақа» ертегідегі кейіпкерлерді атандар?  Кейіпкерлер: Бай, бала, жалмауыз кемпір, түлкілер, қарлығаш, төбеттер, ат.  <b>Сергіту сәті.</b>  <b>Дидактикалық ойын:</b>  «Жағымды және жағымсыз кейіпкерді тап».  Жағымды кейіпкерлерге мінездеме беріндер /Бала, қарлығаш, ат, ит, түлкі/ Жағымсыз кейіпкерлерге мінездеме беріндер /Жалмауыз кемпір, бай/ Бай (қандай) қорқақ, саран, ақымақ.  Жалмауыз кемпірге мінездеме бер/ Жалмауыз кемпір: арам,</p>
--	--	---	---	---	--

			<p>қалыпты, ол сол жерге үй салған екен.Бұрыштарды тең бөлуге шешім қабылдап, екі түспенсызыпты. Барлық қарындаштар үйге жиналып, тағы дақалай ойнасақ болады деп ойланыпты. Ойланып-толғанып,қуаласпақ ойнамақшы болып шешіпті. Жоғарғы жағындасары сызық сызылған және жоғары қарай сары қарындаш жүгіре жөнеліпті, төменге қарай қызыл қарындаш, оңжаққа жасыл қарындаш, ал сол жаққа көк қарындаш жүгірежөнеліпті. Содан кейін іштері пыспауы үшін қарындаштарекі-екіден жүгіріпті: оң жақ жоғарғы бұрышқа сары жәнежасыл қарындаштар жүгірді; сол жақ жоғарғы бұрышқа –сары және көк; оң жақ төменгі бұрышқа – жасыл жәнеқызыл; ал сол жақ төменгі бұрышқа – сары және қызыл қарындаштар жүгіріпті. Ал қара қарындаш оларды ұстайалмай қойыпты.</p> <p><b>Ойын: «Дұрыс бағытта».</b> Ойын барысында балалар парақтабағдарлар бар екенін түсінеді: жоғары, төмен, оң жағы, солжағы, парақтың ортасы.</p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Затты тап».</b> Алдымен педагог жасырылған заттың атауын атамай,орналасуы туралы өзі айтып береді. Мысалы, «мен бірзатты жасырдым, ол суреттің жоғарғы оң жақ бұрышындаорналасқан, оның артында велосипед тұр».</p>	<p><b>ойын:«Тақтаға орналастыр».</b>  <b>Шарты:</b> Педагог суреттерді тақтаға орналастыруды тапсырады (жоғарғы оң жаққа,төменгі сол жаққа және т.б.).  <b>Сергіту сәті.</b>  <b>Үлестірмелі материалмен жұмыс.</b></p>	<p>зұлым, кәрі, жаман/.  Балаға мінездеме бер/ ақылды, тапқыр, қайырымды./  Бала: (қандай) Ертегідегі бала мен жалмауыз кемпірдің іс әрекеттері.  Ертегі өмірден алынады. Осы ертегідегі кейіпкерлердің қандай екенің білдік, мінездеме бердік, жақсы мен жаманды айыра білдік.  Балалар кім айтады бала кімді жеңді? ( жалмауыз кемпірді)  Балаға көмекті нелер көрсетті? (қарлығаш,иттер.)</p>
--	--	--	--	---	--

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b>          Буынды сызба түрінде көрсетіп үйренеміз.  <b>ҮІӘ барысы.</b>  <b>Ұйымдастыру.</b>  <b>Негізгі бөлім.</b>  <b>Дидактикалық ойын:</b>  <b>«Жалпы атауын айт»</b>          1. Үтік, шаңсорғыш, тоңазытқыш – ...  <i>(тұрмыстық құралдар)</i>          2. Анар, Жанар, Фарид – ...  <i>(адам есімдері)</i>          3. Тақия, орамал, тымақ – ...  <i>(баскиім)</i>          4. Етік, бәтеңке, кроссовки – ...  <i>(аяқкиім)</i>          5. Дәптер, өшіргіш, сызғыш – ...  <i>(мектеп құралдары)</i>          Балаларды мақтап, мадақтау.  <b>Дид.ойын: «Сұрақ кой»</b>  <b>Дидактикалық ойын:</b>  <b>«Сөйлемдерді толықтыру».</b>  <b>Ойын шарты:</b> балалар педагогтің бастаған сөйлемін жалғастырады және сол сөзді буынға бөліп созып айтады.          – Өзімнің үлкен бауырым ...  <i>(а-ға)</i>          – Қыз құлағындағы әшекей ...  <i>(сыр-ға)</i>          – Ат тұяғындағы темір ...  <i>(та-ға)</i>          – Қап-қара құс ...  <i>(қар-ға)</i>          – Шегені қағатын ...  <i>(бал-ға)</i>          – Ең үздік баға ...  <i>(бес)</i>          – Білім алатын құрал ...  <i>(кі-тан)</i>          – Дәптерге жазатын ...  <i>(қалам-сап).</i>          Өздерің жалғастырған сөздерді буынға сызба арқылы көрсетейік. Балалар</p>	<p><b>Шығармашылық бейнелеу әрекеті</b>  <b>Міндеті:</b>          - Балалардың қайың ағашы туралы білімдерін арттыру          - Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу          -- Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің беру          -- Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту  <b>Мақсаты:</b>- қысқы ағашты бейнелей білуге үйрету  <b>Топтық жұмыс</b></p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b>          Сөздердің лексикалық мағынасы мен мәнін түсіну, мағынасы. бойынша жақын/қарама-қарсы сөздерді сөйлегенде қолдану.  <b>Ұйымдастыру.</b>  <b>Негізгі бөлім.</b>  <b>Дидактикалық ойын:</b>  <b>«Сұраққа дұрыс жауап бер».</b>          Жабайы аңдарға нелер жатады? Оларды неге жабайы деп атаймыз? Жабайы аңдар қалай тіршілік етеді?  <b>Дидактикалық ойын:</b>  <b>«Анасын тап »</b>          Жабайы жануарлардың төлдері қалай аталады?          Қасқырдың төлі – бөлтірік.          Аюдың төлі – қонжық.          Қоянның төлі – көжек.          Түлкінің төлі – жаутан,          мыршай. Жолбарыстың төлі – шөңжік. Еліктің төлі – құралай.  <b>Сергіту сәті.</b>  <b>Дидактикалық ойын</b>  <b>«Қажетті сөзді тап»</b>  <b>Дидактикалық ойын:</b>  <b>«Суретті боя».</b>          Мақсаты: Салынған суретті бояу</p>	<p><b>Қоршаған орта</b>  <b>Міндеті:</b>          Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну.  <b>Ұйымдастыру.</b>  <b>Негізгі бөлім.</b>  <b>Дид.ойын: «Суреттер сөйлейді».</b>  <b>Ойын: «Сиқырлы көпіршіктер»</b>          -Балалар Ертегі көрініс көрсету  <b>«Күн, жер, су, от және ауа»</b> (ертегі)          Бір күні Күн, жер, су, ауа қайсысы ең маңызды деп таласыпты.          Күн: «Ең бірінші оянып мен өз шуақтарыммен жер планетадағы адамдарды, құс, аңдарды оятамын!» дейді.          Жер: «Ия, ия, күн, сен жаңа өзің айттың жер планетасында тұратындар деп. Мен болмасам аңдар, жәндіктер, адамдар қайда өмір сүруші еді? Ағаштар, гүлдер қайда өсуші еді? Өзен, теңіз, мұхиттар қайда тасушы еді? Ең маңызды мені!»          Ал мен болмасам,- таласқа су кірісті – балықтар, пингвиндер, су құстары болмаушы еді? Менсіз адамдар өмір сүре алмаушы еді.          «Мен олардың үйлерін жылытамын» — таласқа от кірісті.          «Сендер мен туралы ұмытып қалдыңдар!»          — Ауа дауысын шығарды. Мен көрінбесем де</p>	<p><b>Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті:</b>          Туыстық қарым-қатынасты («жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету.  <b>ҮІӘ барысы.</b>  <b>Негізгі бөлім.</b>  <b>Дид.ойын: «Мұқият тыңда»</b>          Өз ұрпағына жеті атасын үйрету атадан балаға жалғасып келе жатқан қазақтың тәрбиелік дәстүрі. Бала өзінен бастап әкесі, атасы, бабасы т. б. жеті атасының есімдерін жаттап өседі. Бұлардан тараған ұрпақ бір атаның балалары болып саналады. Бір баладан тарайтын ұрпақ әкеден төмен қарай жалғаса береді. Жеті атаға толмай бір - бірімен қыз алыспайды. Бір атадан тараған туыстар бір - бірімен туыстық, бауырмалдылық, сыйластық та болады.  <b>«Жеті ата»</b> - бір кісіден тараған аталас қауым:  <b>Дид.ойын: «Кім тез жаттап алады?»</b>          Жеті ата-----Жеті ұрпақ          1. Бала----- 1. Әке          2. Әке----- 2. Бала          3. Ата----- 3. Немере          4. Арғы ата ----- 4. Шөбере          5. Тек ата ----- 5. Шөпшек          6. Түп ата----- 6. Немере          7. Баба----- 7. Туағат  <b>Дид.ойын: «Артығын тап».</b>  <b>Шарты:</b>Сурет бойынша жаңа тақырыппен танысу.          Боямақпен жұмыс.</p>
--	--	---	---	--	--

	<p>тақтада жұмыс жасайды. Дидактикалық ойын: «Сөз құрастыр» Шарты: Суреттегі сөздердің бірінші дыбыстары бойынша сөз құрастыру.</p>			<p>адамдардан басқа, әр тірі зат өмір сүре алмайды! Менсіз отта болмайды. Бұл талас ұзаққа дейін созылды. Ешкім білмейді қашанға дейін созылатынын, егерде адам бұл әңгімеге кіріспесе. «Сендердің әрқайсысы маңызды. Сендерсіз жерде өмір болмаушы еді.» Адам тыныс алып, жерден астықты теріп, бұлақтан таза суды ішіп, үйіне кіріп отты жақты. Содан бері күн, су, жер, от, ауа бір бірімен таласпайды. — Балалар, сендер табиғатқа байланысты мақал-мәтелдер білесіңдер ме? — Тау бұлағымен сәнді, көл құрағымен сәнді. — Жер құтты болса, мал сүтті болады. — Жер – ана, ел – бала Дәйексөз: Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ, Мұны айтуға адамзаттың тілі жоқ. Балалар табиғатқа өз ризашылығын білдіреді. — Күн, сәуле шашқаның үшін рахмет! — Ағаш, көлеңкең үшін рахмет! <b>«Не артық?» ойынын ойнау</b></p>	
--	---	--	--	---	--

**4 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

	Музыка	Музыка	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру
<b>Серуенге дайындық</b>	<p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтағы дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p>				
<b>Серуен</b>	<p><b>Бақылау:</b> Бұлтты бақылау. <b>Мақсаты:</b> Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың</p>	<p><b>Бақылау:</b> Мұзды бақылау. <b>Мақсаты:</b> Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс</p>	<p><b>Бақылау:</b> Ауа-райын бақылау. <b>Мақсаты:</b> Ауа-райын бақылай отырып, күз</p>	<p><b>Бақылау:</b> Мұздақты бақылау. <b>Мақсаты:</b> Мұздақтың пайда болу жолын түсіндіру,</p>	<p><b>Бақылау:</b> Күнді бақылау. <b>Мақсаты:</b> Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы,</p>



	салдарынан қар жауады т.б. түсіндіру. Зәулімде тұрағы Тіреусіз тұрады.(Бұлт). <b>Еңбек:</b> Көшедегі қар жинаушы машиналардың жұмысын бақылау. <b>Мақсаты:</b> Қар тазалаушы машиналардың адам үшін пайдасының зор екендігін айту. Еңбекті дәріптей білуге үйрету. Бір халық аспанда ұшқан, аяғы жоқ, Ұстаған қолдарында таяғы	мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру. <b>Еңбек:</b> Тайғанақ жерге құм себу. <b>Мақсаты:</b> Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне берілген тапсырманы тиісінше орындауларын қадағалау. Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату. Жаңа жыл, жаңа жыл, Жаңа жылда-жаңа нұр. Жасыл шырша жанында Жадырап бар бала жүр. <b>Мақсаты:</b> Еске сақтау қабілетін	мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. <b>Еңбек:</b> «Таза алаң». <b>Мақсаты:</b> Аула сыпырушыға көмектесу. Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету. Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. <b>Ойын:</b> «Қасқыр мен қаздар». <b>Мақсаты:</b> Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. <b>Қимылдық ойын:</b> «Тымпи-тымпи».	мұздақтан абай болып жүруге үйрету. <b>Еңбек:</b> Ағаш түптеріне қар үю. <b>Мақсаты:</b> Еңбекқорлыққа үйрету. Жалқаулықтан аулақ болуға шақыру. <b>Жеке жұмыс:</b> Жұмбақ жаттату “Отқа жанбас, Суға батпас” (мұз) <b>Мақсаты:</b> Мұз туралы түсінік беру. Жұмбақ жаттату арқылы сөздік қорын	қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру. <b>Еңбек:</b> «Қыс қызығы». <b>Мақсаты:</b> Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. <b>Жеке жұмыс:</b> Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн) <b>Мақсаты:</b> Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып,
<b>Серуеннен оралу</b>	Сыныпқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта қиетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b>	Ойын: «Не жоқ?»	<b>"Күшік досын қалай тапты" ертегі желісін сахналау.</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру, сұрақтар бере отырып, ертегінің желісі бойынша әңгімелеуге үйрету.	<b>Тақырыбы:</b> «Айлакер түлкі» <b>Мақсаты:</b> Балаларды халық ауыз әдебиетінің шығармаларындағы кейіпкер бейнесі арқылы адамгершілік қарым – қатынас әлемімен таныстыру; шығарма мағынасын түсінуге, кейіпкерлер іс – әрекетін бағалауға, олар жайлы айтуға, кейбір адамгершілік қасиеттерге (түлкі - қу) сипаттама бере білуге ү	<b>«Қажетті сөзді тап».</b> Мақсат-міндеттер: тапқырлыққа, ойланып жауап беруге үйрету. Ойын ережесі: тәрбиеші бір сөз атайды, балалар соған қажет заттардың атына байланысты сөздерді тез атауға тиісті.	Ойын: «Цифрға сәйкес түсін тап» Мақсаты: түстерді және цифрларды ажырата білуге үйрету. (Қоршаған орта, матем. негіздері)
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	Қимылды ойын: «Үйсіз қалған қоян» Мақсаты: ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру. Әбубакір	«Қандай пішін жетіспейді?» Мақсаты: Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу. Аяла	«Сықырлы қап» Мақсаты: Балаларға дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету, заттарды тануға баулу. Айқын, Айлин	«Кім шапшаң?» Мақсаты: Есту қабілетін дамыту. Балаларды дауысқа еліктіру. Аңсар	Қимылды ойын: «Ордағы қасқыр» Мақсаты: секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру. Әділхан
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Ата-аналармен өткен күн туралы, балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу	Ата-аналармен балаларды оқыту мәселелері бойынша әңгімелесу, қазақ тіліндегі сөздерді үйренуге ұсыныстар беру	Балаларға тәуелсіздік тәрбиесі туралы ата-аналармен әңгіме	Ата-аналарға кеңес : «Үйде математиканы үйрену».	Ата-аналармен әңгімелесу «Бір аптада біз жаңа не білдік»

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы №40 ЖББОМ**

**Мектепалды О «Б» сыныбы**

**Балалардың жасы 5 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі 22- 26 қаңтар 2024 оқу жылы**

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту ( <b>коммуникативтік, ойын әрекеті</b> ).				
Ата-аналармен әңгіме лесеу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды сабаққа кешікпей әкелулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балалардың тазалығы жөнінде ескерту	Ата –аналармен әңгіме: Дұрыс тамақтануға баулу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Қимылды ойын «Ұшты-ұшты» Мақсаты: Балаларға әуеде ұшатын заттарды ажырата алуға үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру	Сюжеттік ойын «Мен дәрігер боламын» Мақсаты: Балалар бір-бірімен ойнау арқылы өздерін дәрігер сезіне алады. Сөйлеуді дамыту	Үстел-үсті ойын«Әдемі үйшік» Мақсаты:Балалар өз еріктерімен үйшікті құрастыра алады Құрастыру	Сюжеттік ойын «Шаштараз» Мақсаты:Балалар ойын арқылы шаш киюшының еңбегін түсінеді. Көркем әдебиет	Дидактикалық ойын «Сандар тізбегі» Мақсаты: Сандарды тура және кері санай білуге үйрету Математика негіздері
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 11-15				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)	"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны. Барысы: педагог үстелдің үстіне бірнеше зат қойылады. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын ақырындап өсіруге болады. (танымдық дағдылар)	Дидактикалық ойын. «Көлеңкесін тап». Мақсат-міндеттер: балаларды әр құстың көлеңкесін тауып орналастыруға үйрету. Тілдерін дамыту. Құстардың атауын атап, сипаттауға үйрету. (қоршаған ортамен танысу)	"Торғай-торғай тоқылдақ" артикуляциялық жаттығу. Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнлерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	Санамақ. Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Қосып едім екеуін, Болып шықты он саусақ. Оң аяқта бес бақай, Сол аяқта бес бақай. Қосып едім екеуін, Болып шықты он бақай. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)	Театрландырылған қойылым "Аққу-қаздар". Мақсат-міндеттер: балалардың өз бетінше театрландырылған ойындарды ұйымдастыруын үйрету, рөлдер мен міндеттерді өзара бөлісу біліктіліктерін жетілдіру, шығармашылық дербестікті дамыту. (қоршаған ортамен танысу)
Мектепке дейінгі ұйым	<b>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</b>				

<p>кестесі бойынша ҮІӨ</p>	<p><b>Математика негіздері</b> <b>Міндеті:</b> Пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту; пішіндер мен денелердің ерекше қасиеттері туралы ұғымдарды қалыптастыру <b>ҮІӨ барысы.</b> <b>Ұйымдастыру.</b> <b>Негізгі бөлім.</b> <b>Ойын жаттығуы. «Пішінге ұқсас зат».</b> Жұптық жұмыс. Үстелдерде пішіндердің: дөңгелек, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш жинақтары салынған хатқалта жатыр. Тапсырманы түсіндіреді. Кез келген бала хатқалтадан пішінді шығарып, оны атайды, ал екінші бала қоршаған ортадағы осындай пішіндегі затты атайды. <b>Ойын «Сикырлы суреттер»</b> <b>Шарты:</b> Фигураларды толықтырып бір заттың суреті салынады</p>	<p><b>Қазақ тілі</b> <b>Міндеті:</b> Шағын өлеңдер тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу <b>ҮІӨ барысы.</b> <b>Ұйымдастыру.</b> <b>Негізгі бөлім.</b> <b>Дид. ойын:</b> <b>«Кім тапқыр?»</b> <b>Шарты: жұмбақтың шешуін табу.</b> <b>Дид. ойын:</b> «Кім тез жаттап алады?» <b>Тақпақ жатта.</b> <i>Мемлекеттік Елтаңба</i> Елтаңбамыз – ел беті, Төрге ілінер көрнекі. Анам таққан шолпыдай Дөп-дөңгелек, өрнекті. <b>Дид. ойын:</b> «Не өзгерді?» <b>Шарты:</b> Сурет бойынша жұмыс.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті:</b> Төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру <b>ҮІӨ барысы.</b> <b>Ұйымдастыру.</b> <b>Негізгі бөлім.</b> <b>Дидактикалық ойын: «Сөз тізбегі»</b> Педагог бір сөз айтып допты балаларға лақтырады, допты қағып алған бала сол сөздің соңғы дыбысынан басталатын сөз айтып, допты бір балаға лақтырады. Ойын осылай жалғасын табады. Мысалы: ( ана-арба-алмұрт- тарақ- қармақ- қалта- айран- нан- нағашы- ыдыс- сағыз- зәкір- рауғаш- шана- алтын- неге- етік- көмір т.б.) <b>Сергіту сәті.</b> <b>Дид. ойын:</b> «Дұрыс орында» <b>Графикалық жұмыс.</b> <b>Үзік сызықтарды бастыр.</b></p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті:</b> Дыбыстық талдау жасау дағдыларын пысықтау. <b>ҮІӨ барысы.</b> <b>Ұйымдастыру.</b> <b>Негізгі бөлім.</b> <b>Дидактикалық ойын- жаттығу: «Жалауша»</b> Педагог дыбыстар айтады егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді. <b>Дидактикалық жаттығу: «Тиісті белгіні көтер»</b> Дидактикалық ойын: «Буынды сызбаны сыз». <b>Шарты:</b> Берілген суретті атап, буынға бөліп, сызбасын сызады. <b>Графикалық жұмыс.</b></p>	<p><b>Қоршаған орта</b> <b>Міндеті:</b> Өсімдіктерге қажеттіліктерін сәйкес күтім жасау әдістерін білу <b>Ұйымдастыру</b> <b>Псих дайындық</b> <b>Негізгі бөлім</b> <b>Ойын: «Өсімдікті қалай күту керек?»</b> <b>Практикалық жұмыс.</b> Балалар, енді Қоянға өсімдіктерді қалай күту керек екендігін көрсетейік. Балалар алжапқыштарын киеді, қолдарына таяқшаларын, су сепкішті алады. — Өсімдік жақсы өсу үшін не керек? — Өсімдік жақсы өсу үшін ауа, жарық керек. Олай болса, өсімдіктерді жарық жерге қойып, өсімдіктерге күтім жасайық. Балалар екі- үштен бірігіп, топтағы өсімдіктердің топырағын копсытып, су құяды. 1. Топырақты таяқшамен копсытамыз. 2. Жапырақтарының шаңын жұмсақ шүберекпен сүртеміз. 3. Су құямыз. 4. Жапырақтарына су бүркеміз. — Өсімдіктердің жапырағы, тамырына зақым келтірмес үшін, күту жұмысын қалай орындадыңдар? — Мұқият, ұқыпты, баппен, мейіріммен. — Жарайсындар, балалар! Сендер Қоянға өсімдіктерді күтуді үйреттіндер. Енді ол да өсімдіктер өсіретін болады. — Ал енді олар неге бөлме өсімдіктері деп аталады? — Өйткені олар бөлмеде өсіріледі.</p>
----------------------------	---	---	--	---	--

## 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p><b>Көркем әдебиет</b> <b>Міндеті:</b> Ертегі кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсінуге үйрету. <b>ҮІӨ барысы.</b> <b>Ұйымдастыру.</b> <b>Негізгі бөлім.</b> <b>Дид. ойын:</b> «Кім тапқыр?» <b>Шарты:</b> жұмбақтың шешуін табады.</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Міндеті:</b> Қойылған сұрақтарға қысқашан емесе толық жауап беруге баулу Қыс белгілері жайлы әңгімелесу. <b>ҮІӨ барысы.</b> <b>Ұйымдастыру.</b> <b>Негізгі бөлім.</b> <b>Дид. ойын:</b> «Суреттер»</p>	<p><b>Математика негіздері</b> <b>Міндеті:</b> Көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табу; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға, графикалық диктантты орындауға үйрету <b>ҮІӨ барысы.</b></p>	<p><b>Математика негіздері</b> <b>Міндеті:</b> Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру <b>ҮІӨ барысы.</b> <b>Ұйымдастыру.</b> <b>Негізгі кезең.</b></p>	<p><b>Көркем әдебиет</b> <b>Міндеті:</b> Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айтуға үйрету. <b>ҮІӨ барысы:</b> <b>Ұйымдастыру.</b> <b>Дид. ойын:</b> «Кім тез құрайды?» <b>Шарты:</b> Қиылған мысық,</p>	
--	---	--	---	---	--

	<p>Педагог балаларға жұмбақ жасырады: Бұрап қойған сағаттай, Айғайлайды таң атпай. (Әтеш) Жолбарысқа ұқсайды, Тек тышқанды ұстайды.(Мысық) Өзі айлакер, өзі бір қу, Жүрген жері айғай-шу. (Түлкі) Мысық, әтеш, түлкі туралы қандай ертегі білесіңдер? Бүгін біз «Мысық, әтеш жәнәтүлкі» деген орыс халық ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың біртүрі екенін естеріне түсіру. Ертегініңөлеңнен айырмашылығы – ертегіні ойдан, қиялдан шығарады <b>Дид.ойын;</b> <b>«Сикырлы қоржын»</b> Сикырлы қоржыннан алынған ертегі кейіпкерлерінің суреттері бойынша рөлдерге бөлінеді.</p>	<p><b>сөйлейді»</b> Шарты: сурет бойынша жұмыс. Балалар, осы қыс мезгілінің қызықтарын айта отырып әңгіме құрайық. Даладағы аппақ қар күмістей жарқ-жүрқ етеді. Қардың аппақ тазалығы сондай, бетінеештең тастағың келмейді. Енді сендер осы қыс қызықтары туралы әңгімекұрандар. Балалардың әңгімелерін тыңдайды. Өте жақсы тағы да кім құрапбереді. Қыс мезгілінде сендер қарменкөп ойнайтындарың ды әңгімелеріңнен байқадым. <b>Ертегімен таныстыру.</b> Қар туралы «Қар қандай?»ертегісін оқып берейін. <b>«Қар қандай?»</b> Бірде құстар дауласады. Олар қардың, кәдімгі қардың қандайболатынын анықтайды. Ұшып жүріп сұрақ қояды:Қар қандай болушы еді? Алтындай жарқырап тұрады, –дейді Таң. Көгілдір түсті, – дейді мұнтаздай көгілдір Аспан. Тастай суық, – деп жауап береді Үйрек, тұмсығын қанатының астына тыға түсіп.Жып-жылы шығар, – деп жауап қатады Тауық. Жеп-жеңіл! Сондай жеңіл! –деп шу ете қалады Жел. Сондай ауыр! Кереметтей ауыр! – деп күрсінеді ағашБұтақтары. Күмістей, әрине! – деп күлімсірейді аспандағы сұлуда сымбатты Ай. Жер-көкті шарлаған құстар алуан түрлі жауаптар естиді, бірақ олар әртүрлі болып шығады. Дид.ойын «Дұрыс жауап бер»Шарты: сұраққа жауап беру.</p>	<p><b>Ұйымдастыру.</b> <b>Негізгі бөлім.</b> <b>«Шын немесе жалған» дидактикалық ойыны</b> Педагог зат пен форманы атайды. Мысалы, «доп дөңгелек», «қорап доп тәрізді». Егер мәлімдеме дұрыс болмаса, онда балалар қолын айқастыра көкірегіне қояды немесе бастарын шайқайды. Егер дұрыс болса –қол шапалақтайды. Дид.ойын: «Тап,боя». Фигураларды дауыстап айтамыз, тауып, бояу</p>	<p><b>«Сикырлы дорба» ойыны.</b> «Сикырлы дорбада» - шар, текше, цилиндр, шаршы, үшбұрыш, шеңбер бар. Ал үстелде олардың суреттері бар. Педагог ойын жағдайын жасайды: –Балалар, геометриялық фигуралар мен денелер өмір сүрген, бір патшалықта бақытсыздық болды. Зұлым сикыршы сикырлы таяқшаның бір сокқысымен оның барлық тұрғындарын терең зынданға жіберді. Оларды құтқарудың бірден – бір жолы – оның қандай зат екенін, қолымен ұстап, сипалау арқылы анықтап және оның суретін табу. Балалар кезек-кезек екі қолымен фигураларды ұстап қарап, оны дорбадан шығарады, оның суретін тауып, үстіне фигураны қояды.Балалар көздерін жұмып, әрқайсысы команда бойынша дорбадан заттарды алады. Қозғалыстар мәтін бойынша орындалады <b>Дид.ойын: «Кім тапқыр?»</b> <b>«Ойлан тап»танымдық тапсырма.</b> <b>Рефлексия.</b></p>	<p>түлкі, әтеш суреттерін құрастыру. <b>Ертегімен таныстыру.</b> <b>Дид.ойын: «Дұрыс жауапбер».</b> <b>Шарты:сұрақтарға тез жауап беру.</b> Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: Ертегі қалай аталады? Ертегінады ма? Ертегіде не туралы айтылған?Қай кейіпкер саған ұнады? Орманда мысықпен бірге неөмір сүрді? Мысық қайда кетеді? Әтешті түлкі қалай алдады?Мысық әтешті қалай құтқарды? Түлкінің жасағаны дұрыс па?Есінде сақта! Дос болсаң, берік бол, Досыңа серік бол. <b>Дидактикалық ойын:</b> <b>«Сөздер қай үйде тұрады?»</b> Мысық, әтеш, түлкі сөздерінбуынға бөліріп айтқызу. 2 буын 2 терезелі үйге апару.</p>
--	--	--	--	---	---

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b>                  Жай сөйлемдерді сөздерге бөлу  <b>ҮІӨ барысы.</b>  <b>Ұйымдастыру.</b>  <b>Негізгі бөлім.</b>                  Дидактикалық ойын: «Көпше түрін айт»                  – Мен сендерге допты лақтырып бір сөз айтамын, сендер сол сөздің көпше (көп) түрін айтып допты кері лақтырасындар.                  Мысалы: қыз-қыздар, ұл-ұлдар, аға-ағалар, дәптер-дәптерлер, козы-козылар, жүзімжүзімдер, орындық-орындықтар, алма-алмалар, қоян-қояндар, түлкі-түлкілер, жіпжіптер, ине-инелер, көбелек-көбелектер, етік-етіктер, сақина-сақиналар, дыбысдыбыстар, мысық-мысықтар, қасқыр-қасқырлар, аю-аюлар, жылқы-жылқылар т.б.                  Дидактикалық ойын: «Соңғы дыбысты ұста!»                  Балалар бүгін біз шенберде сөз тізбегін жасаймыз. Мен «құмыра» сөзін айтып бастаймын да, соңғы «а» дыбысын созып тұрамын, келесі бала соңғы дыбыстан басталатын сөз ойлап, қолмен ұстағандай қимыл жасайды, соңғы дыбысқа жаңа сөз айтып, соңғы дыбысты созып айтады.</p>	<p><b>Шығармашылық бейнелеу әрекеті</b>  <b>Міндеті:</b>                  - Жыл мезгіліне салуда бере білу білігін бекіту                  - Ойдан өзбетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу.                  -- Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.                  Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, мүмкіндік беру                  байланысты өзгерісті сурет  <b>Мақсаты:</b>- қар кесегі суретін салу мүсіндеу, жапсыру, құрастыру                  Топтық жұмыс</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b>                  Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру  <b>ҮІӨ барысы.</b>  <b>Ұйымдастыру.</b>  <b>Негізгі бөлім.</b>                  Дауысты дыбысты қандай түспен белгілейміз?                  Ал дауыссыз дыбысты ше?  <b>Дидактикалық ойын:</b>  <b>«Қай мезгілде ойнаймыз?»</b>  <b>Ойын шарты:</b> Шаңғы, асық, шана, доп, хоккей, секіргіш жіп суреттеріне қарап, қай мезгілде ойнайтынын айту.  <b>Сергіту сәті.</b>  <b>Дидактикалық ойын</b>                  «Қажетті сөзді тап»  <b>Дидактикалық ойын:</b>                  «Суретті бояу».                  Мақсаты: Салынған суретті бояу.</p>	<p><b>Қоршаған орта</b>  <b>Міндеті:</b>                  Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу  <b>ҮІӨ барысы.</b>  <b>Негізгі бөлім.</b>  <b>Дид.ойын: «Сұраққа дұрыс жауап бер»</b>                  Нан неден жасалады екен?                  Ұн неден жасалады?                  Бидай қайда өседі?                  Бидайды кім өсіреді?                  Диканшы дегеніміз кім?                  Диірменші дегеніміз кім?                  Наубайшы дегеніміз кім?                  Сатушы дегеніміз кім?                  Балалардың жауаптарын толықтырып, суреттер арқылы көрсетеді. Дикандар көктемде жерге бидай тұқымын себеді. Оны жаз бойы суарып, күтіп баптайды. Күз болған соң жайқалып піскен бидайды комбайнмен жинайды. Одан соң диірменші ұн етіп тартып, қапқа қаптайды. Қапталған ұнды наубайханаға жібереді. Наубайшылар ұннан түрлі тағамдар нан, бауырсақ, бәліш пісіреді. Дайын болған тағамдарды дүкенге жібереді. Мұның бәрі адамдардың еңбегі. Нан-адамның тіршілік қорегі, дастарханға үлкен еңбекпен келеді. Сондықтан дастарханға зор еңбекпен келген нан тағамдарын қастерлеуіміз</p>	<p><b>Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті:</b>                  Шағын өлеңдер тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу                  Мемлекеттік Рәміздердің атын атап үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру.  <b>ҮІӨ барысы.</b>  <b>Ұйымдастыру.</b>  <b>Негізгі бөлім.</b>  <b>Дид.ойын: «Мнемокесте»</b>  <b>«Мнемо кестесі» бойынша жұмыс</b> Мемлекеттік Елтаңбаны сипатта, сөйлем құра.                  – Елтаңбада шаңырақ бейнеленген.                  – Елтаңбада тұлпар бейнеленген.                  – Елтаңбада жұлдыз бейнеленген.  <b>Дид.ойын: «Артығын тап».</b>  <b>Шарты:</b>Сурет бойынша жаңа тақырыппен танысу.                  Боямақпен жұмыс.</p>
--	--	--	--	---	---

	<p>Балалар созып айтқан дыбысқа сөз айтып, ойынды жалғастырады (ойын осылай жалғасын табады). Мысалы: Құмырааа - алмааа - айраннн - наррр - раушаннн - найзағайй - инеее - ешкііі - іззз - зырылдауық - қамшыыы - ыдыссс - сағаттт - тасбақааа - алтыбақаннн - наннн - намыссс - сазаннн - нағашыыы - ысқырықққ - қанттт т.б. Дидактикалық ойын: «Сөз құрастыр» Шарты: Суреттегі сөздердің бірінші дыбыстары бойынша сөз құрастыру. <b>Графикалық жұмыс.</b></p>			<p>керек. Енді балалар, нанның суретін салайық. <b>«Не артық?» ойынын ойнау.</b> Сурет бойынша жұмыс. Дид.ойын: «Бұл не?»</p>	
--	--	--	--	---	--

**4 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

	Музыка	Музыка	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру
<b>Серуенге дайындық</b>	<p>Балалардың дербес кимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру(<b>сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b>).</p>				
<b>Серуен</b>	<p><b>Бақылау:</b> Бұлтты бақылау. <b>Мақсаты:</b> Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың салдарынан қар жауады т.б. түсіндіру. Зәулімде тұрағы Тіреусіз тұрады. (Бұлт). <b>Еңбек:</b> Көшедегі қар жинаушы машиналардың жұмысын бақылау. <b>Мақсаты:</b> Қар тазалаушы машиналардың адам үшін пайдасының зор екендігін айту. Еңбекті дәріптей білуге үйрету. Бір халық аспанда ұшқан, аяғы жоқ, Ұстаған қолдарында таяғы жоқ. Күніне талай жерге кетер кезіп, Нәрсенің бұл</p>	<p><b>Бақылау:</b> Мұзды бақылау. <b>Мақсаты:</b> Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру. <b>Еңбек:</b> Тайғанақ жерге құм себу. <b>Мақсаты:</b> Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауларын қадағалау. Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату. Жаңа жыл, жаңа жыл, Жаңа жылда-жаңа нұр. Жасыл шырша жанында Жадырап бала жүр.</p>	<p><b>Бақылау:</b> Ауа-райын бақылау. <b>Мақсаты:</b> Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. <b>Еңбек:</b> «Таза алаң». <b>Мақсаты:</b> Аула сыпырушыға көмектесу. Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету. Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. <b>Ойын:</b> «Қасқыр мен қаздар». <b>Мақсаты:</b> Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. <b>Қимылдық ойын:</b></p>	<p><b>Бақылау:</b> Мұздақты бақылау. <b>Мақсаты:</b> Мұздақтың пайда болу жолын түсіндіру, мұздақтан абай болып жүруге үйрету. <b>Еңбек:</b> Ағаш түптеріне қар үю. <b>Мақсаты:</b> Еңбекқорлыққа үйрету. Жалқаулықтан аулақ болуға шақыру. <b>Жеке жұмыс:</b> Жұмбақ жаттату“ Отқа жанбас, Суға батпас” (мұз) <b>Мақсаты:</b> Мұз туралы түсінік беру. Жұмбақ жаттату арқылы сөздік қорын молату. Есте сақтау қабілетін дамыту. <b>Қимылдық ойын:</b> «Қазан». <b>Мақсаты:</b> Бірлесіп ойнауға шақыру.</p>	<p><b>Бақылау:</b> Күнді бақылау. <b>Мақсаты:</b> Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру. <b>Еңбек:</b> «Қыс қызығы». <b>Мақсаты:</b> Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. <b>Жеке жұмыс:</b> Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн) <b>Мақсаты:</b> Балаларға жұмбақтарды жаттата</p>

	секілді саяғы жоқ. (Бұлт	<b>Мақсаты:</b> Еске сақтау қабілетін дамыту, сөздерді қатесіз дұрыс айтуға үйрету. <b>Ойын:</b> «Тышқан мен мысық».	«Тымпи-тымпи».	Балалардың көңілдерін көтеру.	отырып, тіл байлықта-рын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру. <b>Қимылды ойын:</b> «Айгөлек». <b>Мақсаты:</b> Денені шынықтыру, шапшандыққа, ептілікке баулу.
<b>Серуеннен оралу</b>	Сыныпқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b>	Абубакірге үйге кетерде сұрануға үйрету.	Аягөзге қаламмен сурет салғызу.	Арсен мен Аяулымғатүстерді атап айту.	Балаларға жапырақтың түстерін ажыраттыру.	Балаларға дөңгелек пішіндер салғызу.
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<b>Дидактикалық ойын «Қандай пішін жетіспейді?»</b> Мақсаты: Геометриялық пішіндерді атайды.Қай пішін жетіспейтінін табады.	<b>Дидактикалық ойын: «Сыйқырлы қапшық»</b> Мақсаты: Заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстырады, топтастырады.	<b>Дидактикалық ойын: «Апта күндері»</b> Мақсаты: Апта күндерін естерінде сақтайды. Апта күндерін рет-ретімен айта алады.	<b>:Сюжеттік рөлдік ойын: «Шаштараз»</b> Мақсаты:Балалар рольдерге бөлінеді, өздері алған рольдерін сомдайды.	<b>:Балалармен Әңгімелесу: «Туған ауыл туралы»</b>
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Ата-аналармен өткен күн туралы, балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу	Ата-аналармен балаларды оқыту мәселелері бойынша әңгімелесу, қазақ тіліндегі сөздерді үйренуге ұсыныстар беру	Балаларға тәуелсіздік тәрбиесі туралы ата-аналармен әңгіме	Ата-аналарға кеңес : «Үйде математиканы үйрену».	Ата-аналармен әңгімелесу «Бір аптада біз жаңа не білдік»

# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы №40 ЖББОМ

Мектепалды О «Б» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 29–31 қаңтар 1-2 ақпан 2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту ( <b>коммуникативтік, ойын әрекеті</b> ).				
Ата-аналармен әңгіме лесеу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды сабаққа кешікпей екелулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен ан дәреж үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балалардың залығы жөнінде ескерту	Ата-аналармен әңгіме: Дұрыс тамақтануға баулу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Үстел үсті ойыны «Мозаика». Мақсат-міндеттер: балаларды берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге, тапқырлыққа үйрету. (танымдық дағды)	Дидактикалық ойын. «Көлеңкесін тап». Мақсат-міндеттер: балаларды әр құстың көлеңкесін тауып орналастыруға үйрету. Тілдерін дамыту. Құстардың атауын атап, сипаттауға үйрету. (қоршаған ортамен танысу)	"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны. Барысы: педагог үстелдің үстіне бірнеше зат қойылады. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Бала қай затты жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын ақырындап өсіруге болады. (танымдық дағдылар)	Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау. (сөйлеуді дамыту)	Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 11-15				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҮІӘ)	Д/ойын: «Қарап алда есіңе сақта» Мақсаты: балаларды көрген суреттерді есіне сақтап, көз алдына елестете отырып, әр қайсысын ретімен атап шығуға, үй жануарларының, аңдардың және құстардың жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу. Көрнекіліктер: үй жануарлары, аңдардың, құстардың суреттері.	Д/ойын «Ғажайып қоржын» Мақсаты: Балаларды заттарды тиісті қасиеттеріне қарай ажырата білуге үйрету. Ойын шарты: Қоржындағы затты сипап біліп атау. Бала затты дұрыс сипаттап бергеннен соң ғана зат қаптан алынып, балаларға көрсетіледі, ал дұрыс аталмаса қаптан алынбайды. қажетті құралдар: Ғажайып қоржын. Балалар санына сәйкес, таныс ойыншықтар.	Д/ойын: «Экологиялық пирамида». Мақсаты: Балаларды логикалық ойлай білуге, әр сатыны таңдауын негіздеп отырып, экологиялық пирамида құрастыруға үйрету. Табиғаттағы барлық нысандардың өзара байланысын көре білуге баулу.	Д/ойын: «Зоологиялық домино». Мақсаты: Балалардың жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; ұғымталдыққа, зейін қоюшылыққа баулу. Ойын ережелері: Кімде-кім өз карточкаларын бірінші болып қойса, сол жеңімпаз болады. Жүрісті жіберіп алмай, карточканы дер кезінде қойып, мұқият болу.	Д/ойын: Не артық? Мақсаты: Балаларды суретке қарап, оларды топтастыруға үйрету. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу. Көрнекіліктер: әр түрлі құстар мен үй жануарлары бейнеленген суреттер.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӘ	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Математика негіздері Міндеті: Шартты өлшеуішті ұзындықты өлшейтін құрал	Қазақ тілі Міндеті: Суреттер бойынша әңгіме құрастыру	Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөйлем ұғымымен таныстыру, екі-үш сөзден	Сауат ашу негіздері Міндеті: Дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға	Қоршаған орта Міндеті: Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана,



<p>ретінде таныстыру; шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды үйрету, әртүрлі ұзындықтағы, биіктіктегі заттар арасындағы өлшемдік қатынастарды орнату.</p> <p><b>ҮІӨ барысы.</b> <b>Ұйымдастыру.</b> <b>Негізгі бөлім.</b> Балалар кілем үстінде жарты шеңбер болып отырады. Ортадағы кеңістіктегі цилиндрдің жан – жағына ұзын ленталар қойылады. Бір лента машинаның алдынан, екіншісі қуыршақтың артынан өтеді. Әр лентаның ұшында ұзындығы 20см ұшақ қойылған.</p> <p>- Илияс пен Айсұлу ұшақтарын ұшырды. Олар кімнің ұшағы алысқа ұшатынын білгісі келді. Олар бағананың (столбик) алдында тұрды, оның пішімі неге ұқсайды? (цилиндрге). Балалар ұшақтарын әр жаққа жіберді.</p> <p>- Балалардың қайсысы ұшағын қай бағытқа жіберді? Ол қалай ұшты? ( Сол жаққа – оң жаққа; алдында – артында.</p> <p>- Кімнің ұшағы алысқа ұшқанын қалай білеміз? Балалар өз ойларын айтады. Олар айтқан тәсілдердің бірі таңдалып, ұшақтың қашықтығы өлшенеді. Бірінші тәсіл: адым арқылы өлшеу.</p>	<p><b>Ойын: «Қандай сөз артық?».</b> Педагог сөздерді айтады, балалар мұқият тындап қандай сөз артық екенін табады. Мысалы: кереует, үстел, нан, кілем. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.. Боямақпен жұмыс.</p>	<p>тұратын сөйлем құратып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып үйрету.</p> <p><b>ҮІӨ барысы.</b> <b>Ұйымдастыру.</b> <b>Негізгі бөлім.</b> <b>Педагог балалармен «Кері әрекетті айт» ойынын ойнайды.</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Асан кірді, анам ... (<i>шықты</i>)</li> <li>2. Анам құйды, Марат ... (<i>төкті</i>)</li> <li>3. Айгүл жинады, Айсұлу... (<i>шапты</i>)</li> <li>4. Әкем келді, ағам... (<i>кетті</i>)</li> <li>5. Атам ашты, әжем... (<i>жапты</i>)</li> </ol> <p><b>Сергіту сәті.</b> <b>«Кім шапшаң сөйлем құрайды?»» дидактикалық ойыны</b></p> <p>Педагог суреттері көрсетеді (көбелек, көлік, тарақ, кітап, қоян т.б.). Балалар суретке байланысты 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрайды. Сөйлемдегі бірінші, екінші, үшінші сөздерді ретімен атауға тапсырма береді.</p> <p><b>Ғажайып сәт.</b> Балалар қуыршақ Айсұлу бізге ішіне тапсырмалар салынған хатқалта беріп жіберіпті, хатқалтаны ашып, тапсырмаларын орындайық.</p> <p><b>«Сөз ойла»» дидактикалық жаттығуы</b> <i>Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға жұлдызша беріп отырады.</i></p> <p>– <b>-та</b> буынынан басталатын сөздер ойлаңдар. – <i>Тарақ, тамыз, тал, табыс, тап, тапқыр, таңқы, тау, тауық, таутеке,</i></p>	<p>жаттығулар жасатуға жаттықтыру.</p> <p>Буынға бөлгізу арқылы, буынға бөлуді меңгертуді жалғастыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту</p> <p><b>ҮІӨ барысы.</b> <b>Ұйымдастыру.</b> <b>Негізгі бөлім.</b> <b>Педагог «Төлін айт» ойынын ойнату арқылы оқу қызметін бастайды.</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Аюда – ... (қонжық)</li> <li>2. Түлкіде – ... (мыршай)</li> <li>3. Қасқырда – ... (бөлтірік)</li> <li>4. Қоянда – ... (көжек)</li> <li>5. Итте – ... (күшік)</li> </ol> <p><b>«Сөз жина, тез жина» дидактикалық жаттығуы</b> – Мен сендерге дыбыстар айтамын, сендер алақандарыңды біріктіріп, кесе жасап, дыбыстарды жинап отырыңдар. Дыбыстар қалай айтылды солай жиналуы керек, олардың орнын ауыстыруға бір дыбысты түсіріп алуға болмайды. Сендер сөзді дұрыс жинасаңдар, сол сөздің суреті тақтадан ашылады.</p> <p>Мысалы: «к.ү.н.», «т.ү.н.», «э.т.е.ш.», «б.а.л.», «ж.е.л.і.м.», «б.а.қ.», «б.а.л.а.», «қ.и.я.р.», «п.и.я.з.», «б.ұ.л.т.», «к.і.л.т.», «д.о.п.».</p> <p>– Сөзді кім бірінші құрап айтады, сол балаға жұлдызша үлестіріліп отырылады.</p> <p><b>«Не өзгерді?»» ойын-жаттығуы</b> Педагог балаларға сөздер айтады, балалар сөздердің қандай айырмашылығы, қандай ұқсастықтары бар екенін, не</p>	<p>республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту.</p> <p><b>ҮІӨ барысы.</b> <b>Ұйымдастыру.</b> <b>Психдайындық Негізгі бөлім.</b> <b>Дид.ойын:</b> «Жақсы тілек».</p> <p><b>Шарты:</b> Мына шарды балалар, бір-бірімізге бере отырып, елімізге, жерімізге, бір-бірімізге жақсы тілектер айтайық.</p> <p><b>Ойын:</b> «Сиқырлы экран».</p> <p><b>Шарты:</b>Слайд бойынша жұмыс. Астанадағы океанариум ішіне балықтарды ермексаздан мүсіндеу.</p>
--	---	---	---	--

			<p><i>тазы, тамызық, таға, тақылдақ, таң т.б.</i></p> <p>– <b>-ба</b> буынынан басталатын сөздер ойлаңдар.</p> <p>– <i>Балық, батпақ, бақа, бағдат, бақ, бақбақ, бақыр, Бағжан, байғазы, байлық, базар, Базаргүл, балшық т.б.</i></p> <p>– <b>-са</b> буынынан басталатын сөздер ойлаңдар.</p> <p>– <i>Сағыз, сабын, салт, Самал, сарай, сары, сай, самал, сал, сауық, сауыншы, сатушы, сауап, сауықшыл, сан т.б.</i></p> <p>Ойын соңында жұлдызша ең көп бала жеңімпаз болады.</p>	<p>өзгергенін ойланып айтады.</p> <p>Сөздерде дауысты дыбыстар өзгергенін біледі. Мысалы: тар, тер, тор; бар, бер, бор; кел, көл; доп, дөп; жар, жер, жыр; дем, жем, кем; қар, қор, қыр; бала, бөле, биле т.б.</p>	
--	--	--	---	--	--

## 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Көркем әдебиет Міндеті:</b> Ертегіні оқып жеткізу арқылы ертегі кейіпкерлерінің жағымды-жағымсыз қасиеттерін көруге, іс-әрекеттерін сезінуге, өз ойларын жеткізе білуге баулу.</p> <p><b>ҮІӨ барысы.</b> <b>Ұйымдастыру.</b> <b>Негізгі бөлім.</b> <b>Жұмбақ:</b> Қайталап атымды, Өн салып аламын. Кез келген ұяға Жұмыртқа саламын. ( Көкек)</p> <p><b>Ертегімен танысу.</b> <b>Ойын:</b> «Кім жылдам?» <b>Шарты:</b> Тәрбиеші балаларға бір қарындаш береді. Балалар сол қарындашты музыка әуені тоқтағанша бір біріне береді. Музыка әуені тоқтаған кезде қарындаш қай баланың қолында қалады, сол бала тәрбиешінің</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту Міндеті:</b> Тыңдалған мәтіндегі ақпаратты сурет, сызба, белгілер қолданып жеткізу. ҮІӨ барысы. Ұйымдастыру. Негізгі бөлім. Сендер қысқы орманда болдыңдар ма? Бүгін бізге ормандағы қорықшыдан хат келді. Ол өзінің кішкентай күшігінің орманда адасып кеткенін, көмек керек екенін жазыпты. Күшікке көмекке барамыз ба? Қысқы орманға бару үшін қалың киіну керек. Дид.ойын: «Не киер едің?» Сен қысқы орманға бару үшін не киер едің? Суреттердің ішінен таңдап белгіле және ата. Бұлар қандай киім деп аталады? Дид.ойын «Қандай құралдар қажет?» Балалар, қысқы орманды қазір қалың қар басып</p>	<p><b>Математика негіздері Міндеті:</b> Заттардың ұзындықтарына қатысты өздерінің тұжырымдамаларын жасай алуға үйрету : бұл зат .... қарағанда ұзынырақ (қысқарақ), бірақ... қарағанда ұзынырақ (қысқарақ). ҮІӨ барысы. Ұйымдастыру. Негізгі бөлім. ҮІӨ-ін ойын түрінде өткізеді. Көгөністің рөлін сомдайтын кейіпкерді таңдауды ұсынады. Кейіпкер тапсырмаларды орындауды ұсынады: Екі түсті бұршақтардан заңдылық құрыңдар. 1. Бұршақты біреуден аттап қойыңдар. Бұршақтарды бір-бірден кезекпен орналастырыңдар. Бұршақтарды солдан оңға қарай және оңнан солға қарай санаңдар. Оның заңдылықтағы реттік нөмірін</p>	<p><b>Математика негіздері Міндеті:</b> Заттарды ені, биіктігі, жуандығы бойынша салыстырып, көлемдерінің арақатынасы көрсетілген заттарды табу, оларды өлшемдерінің өсу (кему) ретімен орналастыру. ҮІӨ барысы. Ұйымдастыру. Негізгі кезең. Таспалар арқылы ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, бірдей ұғымдарын салыстырып көрсету. <b>Ойын:</b> «Үлкен және кішкентай». <b>Шарты:</b> Текшелерден мұнара салуды сұрайды. Оның жанына көлемі кішірек тағы бір мұнарасалуды ұсынады. Педагог балалардан қайсысы үлкен, алқайсысы кішкентай екенін көрсетуді сұрайды. Әдетте, мектепке дейінгі жастағы балаларда жауап</p>	<p><b>Көркем әдебиет Міндеті:</b> Кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру.</p> <p><b>Оқу қызметінің барысы:</b> <b>Ұйымдастыру.</b> «Сәлемдесу» ойының ойнаймыз. Бастаймыз деген белгі берілген кезде мен қалай амандасу керек екендігін айтамын, сонда сендер бір-бірлерімен тез-тез амандасасындар. (Көзбен, қолмен, иықпен, тіземе н, өкшемен, арқамен)</p> <p><b>Негізгі бөлім.</b> <b>Жұмбақ:</b> Өмірдегі ең жақын, аяулы жан кім? -Ең аяулы жан – ол ана. Анамызды сыйлап, айтқанын орындап, ренжітпей жүруіміз керек. Анамыз ауырып қалса оны күтіп, дәрі-дәрмектер беруіміз керек.</p>
--	---	--	---	--	---

<p>сұрағына жауап береді. 1- Көкек қайда ұшып келеді? 2. Балалар көкекті ұстау үшін не істеді? 3. Көкекке кім кездесті? 4. Көкек не деп күлді? 5. Дана адам Көкекке не деп жауап берді? 6. Көкек не істеді? 7. Дана адам балаларға не дейді? <b>Дидактикалық ойын:</b> <b>«Ұшты-ұшты»</b> - Балалар, орнымыздан тұрып бойымызды сергітіп алайық, сергіту сәтін жасайық. <b>Дид.ойын: «Ертегіні орналастыр»</b></p>	<p>қалған. Өзендер мұз болып қатып жатыр. Орманға бару үшін бізге қандай құралдар қажет? Суретке карап, таңдап көрсет. Неге бұл заттарды таңдағаныңды түсіндір. Сөйлемді жалғастырып айт. Омбы қарда шаңғымен ... <i>(сырғанаймыз)</i> Мұзда коньки ... <i>(тебеміз)</i> Шанамен жотадан ... <i>(зулаймыз)</i> Дид.ойын: «Не көріп тұрмыз?».</p>	<p>атаңыз. 2. Енді бұршақтарды басқаша орналастырыңдар. – Қандай жануарлар көгөністерді жақсы көреді және қандайын? – Қоян мен мысықтың құлақтары мен құйрықтарының ұзындығы туралы не айтуға болады? Қоянның құлағы ұзын, ал мысыктікі – қысқа, қоянның құйрығы қысқа, ал мысыктікі – ұзын. Жаңғақты немесе бұршақты өлшем ретінде пайдалануға болады. Педагог сәбіздің (суреттегі немесе шынайы) бойына бұршақтарды қоюды ұсынады. Олардың санын санауды ұсынады. – Сәбіздің ұзындығы бұршақпен неге тең? – Сәбіздерді қатар және бір-бірінің қасына қоймай, қай сәбіз ұзын екенін салыстыра аласыңдар ма? Дид.ойын: «Салыстыр».</p>	<p>беруге қиындықтумайды. Осы ұғымның қалыптасуын бекіту үшін педагог балалардан ермексаздан кішкентай және үлкен шар және т.б жасауды сұрайды. <b>Ойын: «Есепте»</b> <b>Шарты:</b> есептің жауабы бойынша сандардың таңбасын табу. 1. Ұлпа жүнің қыздырып Күншуақта 1 күшік Отыр еді маңына Келді тағы 1 күшік Нешеу болды сен сана (2) 2. Екі балапан тұр Екі балапан отыр Шатаспай тез ойлансақ Тура тауып атасақ Тұрғаны бар, отырғаны бар Барлығы қанша балапан (4) 3. 5-тен 4-ті алайық Қанша қалды санайық Қарайық та санайық Санайық та табайық (1) 4. Үстел үстінде 4 алма жатыр Оның 1-н ағам жеп қойды Сонда неше алма қалды? (3) 5. Қасқыр қақты қақпанға Ашындар тез айтқаны Сол-ақ екен лақтар Титтей-титтей шұнақтар Жан-жағына жүгірді Жасырынып үлгерді Бірі-төсек астына Бірі-пештің қасына Бірі-сәкі астына Бірі-астына керуерт Бірі-тапқыр керемет Отыр күбі түбінде Қанша лақ бар бұл үйде? (5)</p>	<p>-Сонымен қазір танысатын ертегіміз татар халқының «Үш қыз» ертегісі. <b>Дид.ойын: «Сұрағыма жауап бер, досым».</b> <b>Шарты:</b> Балалар бір – біріне допты лақтыра отырып, ертегі желісі бойынша сұрақ қояды. <b>Ойын: «Егер, ..., онда...»</b> Егер анаңның басы ауырып қалса, (...не істер едің?...) (анама дәрі беремін) Егер сен анаңды ренжітіп алсаң, ..... (кешірім сұрап едім) Егер анаң бір жұмыс тапсырса не істер едің, ..... (бірден тыңдар едім) Егер анаңның көңілі болмай тұрса, ..... (анамды жұбатар едім) Егер анаң риза болса, ..... (анам үшін қуанар едім) Егер анаң күліп жүрсе, ..... (мен де күліп жүрер едім).</p>
--	--	--	--	---

**3 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

<p><b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті:</b> Дыбыстық талдау жасайды, дауыссыз дыбыстан басталатын сөздер ойлап айтады, буынға бөледі. <b>ҮІӨ барысы.</b> <b>Ұйымдастыру.</b> <b>Негізгі бөлім.</b></p>	<p><b>Шығармашылық бейнелеу әрекеті</b> <b>Міндеті:</b> - Балаларды ер адамға арналған баскиімнің түрлерімен, олардың ерекшеліктерімен, баскиімнің басқа да киімдерден өзгешелігімен таныстыру</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Міндеті:</b> Берілген тақырып аясында диалогке қатысу. <b>ҮІӨ барысы.</b> <b>Ұйымдастыру.</b> <b>Негізгі бөлім.</b> <b>Дид.ойын: «Суреттер сөйлейді»</b> Балалардың</p>	<p><b>Қоршаған орта</b> <b>Міндеті:</b> Табиғат құбылыстарын сипаттау (жел, тұман, найзағай, жаңбыр және т.б.) <b>ҮІӨ барысы.</b> <b>Негізгі бөлім.</b> <b>Дид.ойын: «Кім тапқыр?»</b> Жұмбақтарды шешу арқылы</p>	<p><b>Қазақ тілі</b> <b>Міндеті:</b> Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен таныстыру Қазақ халқының шеберлері асхана аспаптарын, тұрмыстық</p>
--	--	--	--	---

	<p><b>Дидактикалық ойын:</b>  <b>«Мамандықтарды ата»</b>  1. Асты кім пісіреді?  2. Өлеңді кім жазады?  3. Суретті кім салады?  4. Ауланы кім сыпырады?  5. Хатты кім таратады?  Дидактикалық ойын: «У дыбысы»  Педагог балаларға дыбыстарды, буындарды сөздерді, кезектестіріп айтады, балалар «у» дыбысын естісе, жалаушаны көтереді.  Мысалы: а, п, м, т, и, у, м, с, ч, я, ю, у, ж, а, у, ц, и, у, р, т, л, у...  Са, ха, то, уыр, пе, пу, до, но, ау, ай, ми, ду, ру, ба, де, са, ша, ка, пу.....  Шана, ауна, үкі, тауық, балық, қауын, жауын, қасқыр, ау, моншақ, бау...  Дидактикалық ойын: «Сөз құрастыр»  Шарты: Суреттегі сөздердің бірінші дыбыстары бойынша сөз құрастыру.  <b>«Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға» дидактикалық ойын.</b>  Педагог балаларға суреттер көрсетеді, балалар сол суреттің мағынасына келетін, дауыссыз дыбыстан басталатын сөздер жалғаулары керек.  Мысалы: қызанақ ....(қызыл), қияр ... (жасыл), балмұздақ ... (тәтті), кітап.... (қызық), шалбар ... (қалың), су ... (суық), домбыра ... (кішкентай), арба ... (жалпақ), керует ... (жіңішке),</p>	<p>-аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән және т.б.) безендіру  -жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру  -- Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін  -Мақсаты:- балаларға тымақты бейнелеп салуға,мүсіндеуге,жапсыруға қ ұрастыруға үйрету.</p>	<p>назарын тақтаға аударады.– Кімдердің суреттерін көріп тұрсындар? (Балалар әр мамандықтың не істейтіні туралы өз ойларын әңгімелеп айтады.) Ал, балалар, сендер ойландындар ма, өскенде кім болғыларың келеді?(Балалар қалаған мамандықтарын айтады және не үшін таңдағандарын түсіндіреді. Ата-анасының да кім болып жұмыс жасайтынын айтып өтеді.)  <b>Дидактикалық ойын:</b>  <b>«Көрініс»</b>  <b>Ойын шарты:</b>  Педагог:Балалар, автобуста құрылысшы, дәрігер, аспаз кездесіп қалды, айтыңдаршы, олар не туралы әңгімелесуі мүмкін?Ортаға шығып, көрініс ойнап көрсетейік. Кәне, кім дәрігер болам дейді, кім құрылысшы, аспаз болам дегендерің шыға қойындар. Педагог ниет білдірген балаларды ортаға шығарып, құрылысшы, дәрігер, аспаздың атрибуттарын кигізіп, педагогтің көмегімен рөлдерді ойнайды, диалогпен сөйлеуді үйренеді.  <b>Сергіту сәті.</b>  <b>Дидактикалық ойын</b> «Кім тез жаттап алды?»  Өлеңді мәнерлеп оқып, мағынасын түсіндіру, қайталау арқылы өлең жолдарын жаттату.  Ұшқыш боламын  Көкке ұшамын,  Ұшқыш болар баламын.  Соңына ерем  Ер ғарышкер ағаның.  Батыр болам,  Көк аспанды сүйемін.</p>	<p>табиғат құбылыстары туралы түсінік беру.  Қанаты жоқ, ұшады, Аяғы жоқ, жетеді.  Аузы жоқ, ұлиды (Боран).  Арыстан арқырады,  Орман жарқырады (Найзағай).  Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қашады (Жел).  Қыста ғана болады,  Ұстасаң, қолың тонады (Қар).  Сырылдатады шәйнегін,  Ұнатпаса да жұрт, мейлі.  Тереземіздің әйнегін Жуады,  Бірақ сүртпейді (Жаңбыр).  Балалар, қандай табиғат құбылыстарын білесіңдер?  Табиғат құбылыстарына анықтама беріп көрейікші.<b>табиғат құбылыстары</b> – әр маусымда болатын табиғи өзгерістер (жаңбыр, қар, жел, боран, найзағай т.б.).  <b>Дид.ойын:«Табиғат құбылыстары»</b>  <b>Шарты:«Табиғат құбылыстары»тақырыбында сурет бойынша әңгімелеу</b>  Балалар, суреттен нені байқадыңдар?  Қандай табиғат құбылыстарын атай аласыңдар?  Бірінші суретте қай мезгіл бейнеленген?  Күз мезгілінде ауа райы қандай болады?  <b>«Не артық?» ойыны.</b></p>	<p>заттар, жиһаздар дайындауда қандай материалдарды қолданған балаларға көрсету, Осы заттарды бояту.</p>
--	--	---	---	---	--

	мысық ... (сүйкімді), ит ... (қабаған), шам ... (жарық), арық ... (терең), қасық ... (темір), қоян ... (қорқақ), киіз ... (кішкентай), жастық ... (мамық), анар ... (дәмді), лимон ... (сары), тамақ ... (дәмді), кәмпит ... (тәтті), жылқы ... (сұлу), сүт ... (пайдалы), ата ... (ақылды) т.б.		Жұлдыздарға Барып-келіп жүремін. (Т.Молдағалиев) <b>Дидактикалық ойын:</b> «Суретті боя». Мақсаты: Салынған суретті бояу.		
--	--	--	--	--	--

#### 4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Музыка	Музыка	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру
<b>Серуенге дайындық</b>	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
<b>Серуен</b>	Картотека №10	Картотека №12	Картотека №15	Картотека №9	Картотека №11
<b>Серуеннен оралу</b>	Сыныпқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b>	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	Музыкалық аспаптармен ойындар. Құстар туралы әндер жаттау. <b>(музыка)</b>	Өнер бұрышында қыстайтын құстар тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. <b>(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)</b>	Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)</b>	Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. <b>(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	Аймираға ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, үлкен - кіші ұғымдарын үйрету. Ойын: «Көзінді жұмып, қолыңмен анықта»	Арсенге қыс мезгілінің белгілерін ажыратуға үйрету. Д/ойын: "Қыс белгілерін ажыратамыз"	Әминаға Қарындашпен дөңгелек пішіндерді салуды үйрету. «Аққала»	Ерке мен Аймираға Қолғаптармен шұлықтардың сыңарын табуға үйрету. Ойын: «Сыңарын тап»	Әлішер мен Қалқаманға қыс мезгілінің белгілерін ажыратуға үйрету. Д/ойын: "Қыс белгілерін ажыратамыз"
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен біргебөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезіашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен біргебөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезіашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғышарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезіашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	Ата –аналарға кеңес - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы №40 ЖББОМ**

**Мектепалды О «Б» сыныбы**

**Балалардың жасы 5 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі 12- 16 ақпан 2024 оқу жылы**

<b>Күн тәртібі</b>	<b>Дүйсенбі</b>	<b>Сейсенбі</b>	<b>Сәрсенбі</b>	<b>Бейсенбі</b>	<b>Жұма</b>
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту ( <b>коммуникативтік, ойын әрекеті</b> ).				
<b>Ата-аналармен әңгіме лесу, кеңес беру</b>	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларды сабаққа кешікпей әкелулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінінізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балалардың тазалығы жөнінде ескерту	Ата –аналармен әңгіме: Дұрыс тамақтануға баулу
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	Сыныпта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары.	Пазлдармен үстел -үсті ойыны. «Кішкентай көмекшілер» ойыны	Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,	Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, <b>(сөйлеуді дамыту)</b>	Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)
<b>Ертеңгілік жаттығу</b>	Таңғы жаттығу кешені № 11-15				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҮІӨ)</b>	<b>Дидактикалық ойын:</b> «Кім көп сөз ойлайды?» <b>Мақсаты:</b> сөздік қорын дамыту.	<b>Қимылды ойын:</b> «Үйсіз торғай » <b>Мақсаты:</b> Ептілікке , шапшаңдыққа баулу.	<b>Дидактикалық ойын:</b> «Менің отбасым» <b>Мақсаты:</b> Отбасы туралы түсініктерін кеңейту.	<b>Дидактикалық ойын:</b> «Жапырақтар ұшады». <b>Мақсаты:</b> Сөйлеу барысын да дұрыс тыныс алуын дамыту.	<b>Дидактикалық ойын:</b> «Менің көмекшілерім.» <b>Мақсаты:</b> Адамның дене мүшелерінің атауларын бекіту.
<b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ</b>	<b>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</b>				

<p><b>Математика негіздері</b> <b>Міндеті:</b> Саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару. <b>ҮІӨ барысы.</b> <b>Ұйымдастыру.</b> <b>Негізгі бөлім.</b> <b>Дид.ойын:</b>«Тура және кері сана» <b>Сергіту сәті.</b> <b>Дид.ойын:</b> «Кім бірінші?» <b>Шарты:</b> Үлестірмелі материалмен жұмыс. <b>Дид.ойын:</b> «Таяқша».</p>	<p><b>Қазақ тілі</b> <b>Міндеті:</b> Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. <b>ҮІӨ барысы.</b> <b>Негізгі бөлім.</b> <b>Дид.ойын:</b> «Жыл мезгілінің дыбысын ажырата білеміз бе?» <b>Шарты.</b>дыбыстарды ажыратып, қандай мезгіл екенін ажырату. <b>Ойын: «Сиқырлы сандық»</b> <b>Шарты:</b> сандықтың ішінен шыққан суреттермен жұмыс.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті:</b> Сөздерді қатыстырып, белгілі ретімен сөйлем құрай алу және сөйлемдегі бірінші, екінші, үшінші сөздерді ретімен айта алу дағдыларын бекіту. <b>ҮІӨ барысы..</b> <b>Ұйымдастыру.</b> <b>Негізгі бөлім.</b> Педагог балаларды «Жалпы атауын ата» ойынын ойнауға шақырады. Балалар педагог айтқан сөздердің жалпы атауын жылдам айтып берулері керек. Құлпынай, таңқурай, қарақат – ... <i>(жидектер)</i> Түймедақ, қызғалдақ, раушан</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті:</b> Сөйлем сызбасын құруды жалғастыру, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтып, берілген буынға сөз құрап, дыбыстық сызба бойынша сөз құрай алу дағдыларын бекіту. <b>ҮІӨ барысы.</b> <b>Ұйымдастыру.</b> <b>Негізгі бөлім.</b> <b>«Сөйлемді толықтыр» дидактикалық ойыны</b> <b>Ойын шарты:</b> балалар педагогтің бастаған сөйлемін өз ойларымен жалғастыру керек. Бәрін жасап қоятын (ол кім?) – (пысық). Тышқанның жауы –</p>	<p><b>Қоршаған орта</b> <b>Міндеті:</b> Су туралы мағлұмат беру, тәжірибе жасау арқылы судың қасиеттерімен таныстыру. . <b>ҮІӨ барысы.</b> <b>Ұйымдастыру</b> <b>Негізгі бөлім.</b> <b>Ойын: «Кім тапқыр?».</b> <b>Шарты:</b>жұмбақтардың шешуін табу. Жалт – жұлт еткен, Жылғадан өткен Бұл не? <b>( Су )</b> Аспаннан домалап, Көп моншақ төгілді. Бұл не? <b>( Жаңбыр )</b> <b>Дид.ойын:</b> «Судың қасиетін</p>
---	---	---	---	---

		<p><b>Дид.ойын: «Кім тез жаттап алады?»</b>  <b>Тақпақ жаттату.</b>  Қар жауғанда топ бала,  Соқты келіп аққала.  Мұрны сәбіз, үп үшкір.  Көзі көмір, қап қара.  Көне шелек басында,  Сыпырғышы қолында.  Мұз айдынға ойнауға  Келгендей ақ ол мұнда.</p>	<p>– ... (гүлдер)  Көбелек, қоңыз, маса,  құмырсқа – ... (жәндіктер)  Сиыр, ешкі, қой, жылқы – ... (малдар)  Күн, түн, таңертең, кеш – ... (күн уақыты)  Жылдам әрі дұрыс жауап берген балаларды мадақтау.  <b>2. Негізгі бөлім</b>  <b>«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.</b>  Дыбыс деген не?  Қандай дыбыстарды дауысты дыбыстар дейміз?  Дауысты дыбыстарды қалай белгілейміз?  Жуан дауысты дыбыстар қалай жасалады?  Жіңішке дауысты дыбыстар қалай жасалады?  Қандай дыбыстарды дауыссыз дыбыстар дейміз?  Дауыссыз дыбыстарды қалай белгілейміз?  <b>Дыбыстармен жұмыс</b>  «Тиісті түсті көрсет» дидактикалық ойыны  Педагог дыбыстарды айтады: а, б, у, о, и, с, п, р, л, д, ф, ж.  Балалар тиісті түсті көтереді, егер дыбыс дауысты болса, қызыл, ал дыбыс дауыссыз болса, көк фишканы көтеру керек.  <b>Дид.ойын: «Дыбыстық талдау»</b>  <b>Шарты:</b> Айна, және мата сөздеріне дыбыстық талдау жасату.  Графикалық жұмыс.</p>	<p>(мысық).  Әжем иірді – (ұршық).  Шәуілдеп үрді – (күшік).  Ең қу аң – (түлкі).  Үсті ине – (кірпі).  Қол жуғышта ілулі – (сүлгі).  <b>«Дұрыс көрсет» дидактикалық ойыны</b>  – Балалар, мен сендерге қандай да бір дыбыстың сөздің басында, ортасында, соңында кездесетініне мысал келтіремін. Егер дыбыс сөздің басында тұрса, қызыл жалаушаны, соңында тұрса, көк жалаушаны, ортасында тұрса, екі жалаушаны да көтересіңдер.  <b>Ыдыс сөзіне дыбыстық талдау жасау.</b></p>	<p><b>анықта» Шарты:</b> Тәжірибе арқылы судың қасиеттерімен танысамыз.  1. Судың түсін ажырату және судың түсі қандай болатынын тәжірибе арқылы көреміз.  1 стақан суға шай қасықты салу.  Қасығымыз көріне ме?  1 стақан сүтке шай қасықты саламыз.  Сүттің ішіндегі қасық көрінді ме?  Балаларға суы бар стақан және бояу жағылған таяқшалар.  Бояу жағылған таяқшалар арқылы суды балалар бояйды.  <b>Тәрбиеші:</b> Судың түсін өзгертуге бола ма екен?  Дид.ойын: «» Судың пішіні бола ма?  Менде екі түрлі ыдыс бар, пішіндері әр түрлі.  Бұлардың ішінде су бар. Судың пішіні қандай?  <b>Тәрбиеші:</b> Су қандай ыдысқа құйылса, сол ыдыстың пішініндей пішінге айналады.  - Су қандай зат екен?  Ал, балалар, ыдысқа құм саламын. Ол да ыдыстың пішініндей пішінге айналады.  Сонда құм сұйық зат болғаны ма?  <i>Осыны тексеріп көз жеткізейік.</i>  Суды жайпақ табаққа төгеміз, су жайылып кетті. Яғни, су – сұйық</p>
--	--	---	--	--	--



					зат. Ал, енді құмды төгейік, ол үйіліп тұр. Олай болса, құм сұйық зат емес екен, сусымалы зат екен. Демек, су мен құм әр түрлі заттар екен. Құм - сусымалы зат.
<b>2 - ұйымдастырылған іс-әрекет</b>					
	<p><b>Көркем әдебиет Міндеті:</b> Өлеңді мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету. Сурет бойынша әңгіме құрастыруда эмоциялық-бейнелік мазмұнды баяндау, суреттегі кейіпкерлерді атау, оларға сипаттама беру.</p> <p><b>Оқу қызметінің барысы</b> <b>Ұйымдастыру.</b> <b>Негізгі бөлім.</b> <b>Дид.ойын:</b> «Жақсы мен жаман».</p> <p><b>Шарты:</b>Педагог суреттер көрсетеді. Егерде көрсетілген суретте жасап жатқан баланың қылығы дұрыс болса, балалар шапалақтайды. Егерде бұрыс болса аяқтарын топылдайды.</p> <p>Бүгін біз Рақым Тышқанбаевтың «Жақсы мен жаман» өлеңімен танысамыз.</p> <p>- Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. <b>Дид.ойын:</b> «Қайсысы</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту Міндеті:</b> Көркем шығармаларды сахналауға үйрету. (Күшік пен мысық ертегісі) <b>ҮІӨ барысы.</b> <b>Ұйымдастыру.</b> <b>Негізгі бөлім.</b> <b>Артикуляциялық жаттығу жасау.</b> <b>Дидактикалық ойын:</b> «Төлдерді ата» <b>Ертегімен таныстыру.</b> <b>Дид.ойын:</b> «Көңілді допты сұрақтары» <b>Шарты:</b>Ертегіні талдау. <b>Дидактикалық ойын:</b> «Бола ма? Болмай ма?». <b>Ойын шарты:</b>Суретпен жұмыс.</p>	<p><b>Математика негіздері Міндеті:</b> Саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару. <b>ҮІӨ барысы.</b> <b>Ұйымдастыру.</b> <b>Негізгі бөлім.</b> <b>Дид.ойын:</b> «Қоянды тамақтандыр». <b>Дид.ойын:</b> «Құлыптың кілтін тап». <b>Дид.ойын:</b> «Тиісті санға қыстырғыш қыстыр». <b>Графикалық жұмыс.</b></p>	<p><b>Математика негіздері Міндеті:</b> саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару. <b>ҮІӨ барысы..</b> Ұйымдастыру. <b>Негізгі бөлім.</b> <b>Дид.ойын:</b>«Кім жылдам?» -Берілген сандарды дұрыс орналастыру. - Сандарды кему ретімен орналастыру. <b>Дид.ойын:</b> «Балапандарды құтқару». Заттарды тақтаға (магнитті тақтаға) орналастырып, мұғалім заттарды біріктіреді (мысалы, аквариумға балықтарды немесе себетке саңырауқұлақтарды қосады) және өзінің әрекетін түсіндіреді. Содан кейін математикалық жазу орындалады. Мұғалім түсіндіреді: «Мен біріктіріп қостым, «+» таңбасымен белгілеймін.</p>	<p><b>Көркем әдебиет Міндеті:</b> Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету. Өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге баулу. <b>ҮІӨ барысы.</b> <b>1.Ұйымдастыру.</b> <b>Негізгі бөлім.</b> <b>Дид.ойын:</b> «Бұл не?». <b>Шарты:</b>тақтаға бір бала шақырылады. Ортаға шыққан балаға көрсетпей сыныпқа сурет көрсетіледі. Суретті көрген балалар ортаға шыққан балаға ненің суретін көргенін жұмбақтап айтады. Сонымен,балалар,ненің суреттерін жасырдық? Оларды бір сөзбен не деп айтамыз? Жұмбақ: Тепсең-ақ секіріп, Ұстатпай қашады. Бір жерге бекініп, Тұра алмай жатады. Ол не? (Доп) - Доппен біз не істейміз? - Балалар, бүгін біз ақын Мұзафар Әлімбаевтың «Менің ойыншықтарым» өлеңімен танысамыз. Әдеби</p>

	баланың қылығы дұрыс?».			<p>Математика тілінде «өрнек» деп аталатын математикалық жазу пайда болды. Неше болғанын жазу үшін «=» таңбасын қоямын». Содан кейін жазуды дұрыс оқуды үйрету керек.</p> <p>1 + 1 = 2-бұл теңдіктер 2- 1 =1</p> <p>1+ 1-бұл өрнектер 2-1</p> <p>2 -өрнектердің мәні 1</p> <p><b>Сергіту сәті.</b>  <b>Дид.ойын: «Қосу,азайту».</b>  <b>Үлестірмелі материалмен жұмыс.</b></p>	<p>жанрдың бір түрі өлең екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіреністерін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.</p> <p>Жүрмейсің бе абайлап,  Болмасаңшы ұрыншақ.  Асыр салып көп ойнап,  Ақсап қапсың, құлыншақ.  Дид. ойын: «Көңілді доп»  Шарты:сұрақтарға жауап беру.</p> <p>- Өлеңде не туралы айтылған? - Өлеңдегі ойыншықтарды ата. -  Құлыншақ туралы не білесің, әңгімеле. - Ойыншықтың қандай түрлері болады?  <b>Дид.ойын: «Суреттер сөйлейді».</b>  Шарты: сурет бойынша жұмыс.  Суретте не бейнеленген?  - Әр вагонда қандай ойыншықтар бар?  - Сурет бойынша өзіңе ұнаған ойыншықты сипатта.  - Сенде қандай ойыншықтар бар?</p>
--	-------------------------	--	--	--	---

**3 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

